# ЦИКЛОГРАММА.

## Қараша айы.

Өтпелі тақырып: **«Менің Қазақстаным»** Мерзімі:06.12.-10.12.2021

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалар қабылдау Ата-аналар әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | Балаларды қабылдау.<br>Ата-аналармен амандасу.<br>Ойын: «Мен еңбекқор баламын»<br>Еңбек туралы әңгімелесу<br>Еңбек тапсырмасы: Табиғат бұрышында еңбек ету | Бізді қоршаған орта жайлы әңгімелесу.<br>Картинкалар топтамасын қарастыру<br>Жұмбақтар шешу<br>Еңбек тапсырмасы:Асханада кезекшілікті ұйымдастыру | «Еңбек ер атандырады».<br>Педагог балалармен үйлерінен әкелген заттарды қарап, ата - аналарының, отбасы мүшелерінің қандай және қайда жұмыс істейтіндіктері жайлы әңгімелеседі. | Ауа райы туралы әңгімелесу<br>Еңбекқор болу үшін қандай бала болу керек?<br>Сұрақ-жауап<br>Фотосуреттер қарау<br>Жұмбақтар шешу<br>Еңбек тапсырмасы: Асханада кезекшілікті ұйымдастыру | «Кейбір жанууарлар қыс мезгілінде неге ұйықтайды?» тақырыбында әңгімелесу.<br>Д/о:Жыл мезгілін тап<br>Еңбек тапсырмасы:<br>Асхана кезекшілігін ұйымдастыру |
| | Жаттығулар кешені №10 | | | | |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ)** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | **Бұл қай кезде болады? Дидактикалық міндет**. Балалардың тәулік мезгілдері туралы білімдерін нығайту; оларға тәуліктің *таңертең, күндіз, кеш, түн* тәрізді мезгілдеріну | **«Қапшықта не жатыр?»**<br>Мақсаты: Балалардың зат пен пішіндер арасындағы ұқсастықты айра білу туралы білімдерін бекіту. | **«Аттар тұяқтарымен тарсылдатады»**<br>Мақсаты: Балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту. Дыбыстық жаттығу жасау арқылы дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру | **«Неге(не үшін) оны істеу керек?» дидактикалық ойыны** Мақсаты:еңбекке қажеттіні қалыптастыру, білімде еңбек жағдайларын кеңейту. | **«Кім тез шешеді?» ойыны**<br>Тапсырма: берілген суреттердің ішінен екіншісін тауып ал. |
| **Кесте бойынша ҰОҚ** | **<u>1.Сөйлеуді дамыту</u>**<br>**Тақырыбы:** Алғашқы қар.<br>**Мақсаты:** Дауыссыз дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктерін түсіндіру.<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>Педагог балаларды шаттық шеңберіне тұрғызады.<br>Педагог:*1.Балалар, табиғатты сүю – парыз. Сүю үшін – қорғау парыз.*<br>*2. Адамдардың табиғатсыз* | **<u>1.ҚМҰҚ</u>**<br>**Тақырыбы:** Үсті – асты. Ішінде – сыртында. Алдында – артында. Оң жақ – сол жақ.<br>**Мақсаты:** балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету: жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ, ортасында, арасында.<br>**ҰОҚ-нің барысы**<br>1.**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Ойын бұрышына шақырады. | 1. **<u>Сауат ашу</u>**<br>**Тақырыбы:** "Е" дыбысы<br>**Мақсаты:** "Е" дыбысын таныстыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Шаттық шеңберіне** балаларды тұрғызу.<br>*Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттың баласы Достығымыз жарасқан.* | **<u>1.Жаратылыстану</u>**<br>**Тақырыбы:**Аквариумда не тіршілік етеді?<br>**Мақсаты:**Балаларды жанды табиғат бұрышындағы тіршілікпен таныстыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі**<br>Педагог « Балықтар» психологиялық жаттығуының көмегімен алдағы сабаққа жағымды | **<u>1.Сауат ашу</u>**<br>**Тақырыбы:** "І" дыбысы<br>**Мақсаты:** "І" дыбысымен таныстыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>– Балалар, барлық аттарың, яғни есімдерің бар. Олар қалай естіледі екен, айтып көрейікші. Шаттық шеңберінде тұрып өз аттарыңды |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| *күні жоқ*<br>*Оны айтуға табиғаттың тілі жоқ.*<br>**2. Негізгі кезең**<br>– Балалар, қыс мезгіліне арнап көптеген ақын жазушылыр өлеңдер, тақпақтар, әңгімелер жазған. М.Жаманбалинов ағамыздың да "Суретші", "Алғашқы қар" деген өлеңдері бар. Қазір біз "Алғашқы қар " өлеңімен танысамыз.<br>Педагог мәнерлеп оқиды.<br>**Педагог балаларға сұрақтар қояды.**<br>– Өлеңді тыңдағанда көз алдыларыңа не елестеді?<br>– Бір сөзбен айтқанда, қысқы табиғат. Бұны сурет жанрында «пейзаж» деп айтады.<br>– Өлеңде автор қарды неге теңейді?<br>– Қарды түсі мен түріне қарап тағы неге теңеуге болады?<br>– Сендерге өлең ұнады ма?<br>– Мен қазір өлең жолдарын қайталап оқимын, сендер қайталап айтыңдар.<br>– Енді осы өлеңді қайталап отырып естеріңе сақтап қалуға тырысыңдар.<br>Педагог суретке қарап қайталау арқылы өлең | Балаларға шкафтың сөрелерін ретке келтіруді ұсынады. Ойыншықтарды үлгіде көрсетілгендей орналастырып, заттардың орналасуын сипаттау қажет.<br>Шкафтың сөрелерін ретке келтіреді. Қандай заттарды орналастыратынын және заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді анықтайды.<br>**2.Негізгі кезең.**<br>Дәптердегі ұқсас тапсырманы орындауды ұсынып, балаларды заттың орналасуын дауыстап айтуға ынталандырады.<br>–Маймылдың орналасқан жерін саусағыңмен көрсет. Сөредегі осы орынды қалай атайды? Ол ненің жанында орналасқан? Қандай заттан жоғары? Қайсысынан төмен? Қандай заттардың ортасында? Және т.б.<br>Осылайша кеңістікте орналасуды әртүрлі сипаттауға ынталандырады.<br>Одан кейін **«тығылмақ»** ойынын ұсынады. Заттың атауын атамай, оның орналасуын және қандай да бір қасиеттерін сипаттау қажет. Қалған балалар сипатталған затты табуы тиіс.<br>**Сергіту сәті**<br>Жаттығу жасаған кезде өлең оқылады: | – Балалар, өткен тақырыбызда біз «Е» дыбысымен танысқанбыз. Бүгін «Е» дыбысын қайталап дидактикалық ойындар ойнаймыз.<br>2. Негізгі кезең<br>– «Е» дыбысты есімізге түсірейік, дыбысын әндетіп созып айтып көрейік.<br>– Е-е-е-е-е-е.<br>– Әндетіп, созылып, ауыз қуысынан еш кедергісіз шығатын дыбыстарды қандай дыбыстар дейміз?<br>– Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгіледік?<br>– Қазір мен мақал-мәтел айтамын, сендер «Е» дыбысы бар сөздерді естеріңде сақтап қалуға тырысыңдар.<br>**Мақал-мәтел.**<br>*1.Ер дәулеті – еңбек.*<br>*2.Еңбек түбі – береке,*<br>*Көптің түбі – мереке.*<br>*3.Ер қадірін ел біледі,*<br>*Зер қадірін – зергер біледі.*<br>Сөздік жұмыс «Зер» ою өрнек салу.<br>Зергер – алтын, күміс және асыл тастардан | эмоциялық көңіл күй қалыптастырады. Балалар өздерін суда жүзген балықтың рөлінде елестетеді. Денесімен жүзген адамның қимылдарын жасайды.<br>2.**Негізгі кезең**<br>Әліппе-дәптердегі табиғат күнтізбесіне ауа райын белгілеуге шақырады.<br>– Декоративті балықтарға арналған үй қалай аталады?<br>Балықтарды не үшін үйде, аквариумда ұстайды?<br>Суреттерді қарап шығып, балықтар мекендейтін үйдің аквариум деп аталатанын айтады.<br>Балықтарды аквариумда ұстайтын себебі: ол өте әдемі. Онда тіршілік ететін балықтар аквариум балықтары немесе декоративті балықтар деп аталады.<br>*Үйінде аквариумы барлар әсерлерімен бөліседі.*<br>Балықтардың атауларын атайды: гуппи, семсербалық, кішкентай лақа, шілтекұйрық.<br>**Зерттеу жұмысы**:Балықтарды аквариумға салмас бұрын не істеу керек?<br>Талқылайды, тәжірибелік | дауыстап айтуларыңды сұраймын. Сендер дайынсыңдар ма?<br>Есімдеріңді өлшеңдер. Кімнің есімі ұзын, ол қол шапалақтайды. Ал кімнің есімі қысқа, ол айналады.<br>– Жарайсыңдар!<br>Сендердің есімдерің – мағыналы да, мәнді есімдер.<br>**2. Негізгі кезен**<br>Педагог анықтаманы қайталайды. Барлық сөздер дыбыстардан тұрады, дыбыстарды естиміз.<br>– Біз өткен тақырыпта кейбір дыбыстарды созып немесе әндетіп айтуға болатынын білеміз. Ол дыбыстарды айтқанда ауыз қуысында еш кедергіге ұшырамайды. Олар – дауысты дыбыстар. Дауысты дыбыстарды, дауысты дыбыс таңбасымен белгілейміз. Біз бүгін дауысты дыбыстың бірі – «І» дыбысымен танысамыз.<br>Жалғыз таяқ боп тұр,<br>Төбесінде доп тұр.<br>Бұл не?<br>**Бұл – «і» дыбысы.**<br>Тілдің қатысына қарай |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| жолдарын жаттатады.<br>**Сергіту сәті**<br>*Тауға шықсаң – қалың қар,*<br>*Сайға түссең – қалың қар,*<br>*Шырша үсті – қалың қар.*<br>*Байқаңдар, қар астында,*<br>*Ұйықтап жатқан аю бар.*<br>Педагог балаларға дауыссыз дыбыстардың айтылу кезіндегі ерекшеліктерін түсіндіреді.<br>Дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдың қатысына қарай қатаң, ұян, үнді болып үшке бөлінеді.<br>**Қатаң дауыссыздар**: дауыс шымылдығы қатыспай, тек салдырдан жасалатын дауыссыз дыбыстар: к, қ, п, т, с, ф, х, ц, ч, ш, щ.<br>**Ұяң дауыссыздар**: салдыр мен үннің қатысы арқылы жасалған, бірақ үннен салдыры басым дауыссыз дыбыстарды ұяң дауыссыздар дейміз.<br>**Ұяң дауыссыз дыбыстар**: б, в, г, ғ, д, ж, з, һ.<br>**Үнді дауыссыздар**: үн мен салдырдың қатынасынан жасалып, бірақ салдырдан үн басым болатын дауыссыз дыбыстарды үнді дыбыстар деп атаймыз.<br>**Үнді дауыссыздар мыналар:** р, л, и, у, м, н, ң. | *Біздің топтың ұл-қыздары*<br>*Тату-тәтті, мықты дос.*<br>***(Балалар саусақтарын айқастырып қысады)***<br>*Біз сендермен дос болармыз,*<br>*Кіп-кішкене саусақтар*<br>***(Балалар саусақтарын ажыратады)***<br>*Бір, екі, үш, төрт, бес.*<br>***(Шынашақтан бастап, саусақтарды кезек-кезек бір-біріне тигізеді.)***<br>**2-тапсырманы** орындауды ұсынады.<br>Педагог тапсырманы оқиды: Жоғарғы сөренің оң жағына қорапшаны жапсыр, допты оң жақтағы төменгі сөреге жапсыр. Алмұртты сол жақтағы үстіңгі сөреге, зырылдауықты алмұрттың астындағы сөреге жапсыруды ұсынады.<br>**3-тапсырманы** орындауды ұсынады. Тапсырмаға сәйкес сандықшаның «үстінде»,«ішінде», «оң жағына», «сол жағына» моншақтардың суреттерін салады.Зат бейнеленген 1-тапсырманы орынды сипаттай отырып, 1-тапсырманы орындайды.Ойын ойнайды. Сөрелерге кезекпен шығып, жасырылған заттың орналасуын сипаттайды. Саусақтарға арналған жаттығулар жасайды.<br>**2-тапсырма орындайды.** | бұйым жасайтын адам.<br>**Тіл ұстарту.**<br>*Ер-ер-ер*<br>*Қасиетті жер*<br>*Төгілді талай тер.*<br>*Жемістерді тер.*<br>*Аға соңынан ер.*<br>*Сұрағанын бер.*<br>**Сергіту сәті:**<br>*Орнымыздан тұрайық,*<br>*Шеңбер жасап алайық,*<br>*Бір отырып, бір тұрып,*<br>*Бір тынығып алайық.*<br>*Қолымызды жаяйық,*<br>*Құсша қанат қағайық,*<br>*Иіліп оңға бір,*<br>*Иіліп солға бір,*<br>*Алға қарай бір адым,*<br>*Артқа қарай бір адым,*<br>*Жоғары, төмен қарайық*<br>*Орнымызды табайық.*<br>**Дидактикалық ойын: «Жалпы атауын ата»**<br>Ойын шарты: педагог бір топқа жататын сөздерді айтады да, допты балаларға лақтырады. Допты қағып алған бала жалпы атауын айтуы керек.Мысалы: Сиыр, қой, жылқы – мал.<br>**Саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу.**<br>*Көбелек боп ұшамыз,*<br>*Көгершін боп ұшамыз.*<br>*Ұшып, ұшып аламыз,* | жұмысқа қатысады. Алдымен аквариумның түбіне құм саламыз, құмның үстіне тастар саламыз. Балықтар аквариумның түбінде, тастардың арасында демалады, жасырынады. Содан соң өсімдіктер егеміз. Өйткені өсімдіктер оттегі бөледі. Балықтар сол оттегімен тыныстайды. Және өсімдіктер суды тазартады. Оның жапырағына балықтар уылдырық шашады. Кейін одан кішкентай балықтар пайда болады. Балықтар өсімдіктердің арасында ойнайды,тығылады. Және оларды жейді. Балықтың тіршілік етуі үшін судың маңызы зор. Аквариумға құятын суды бірнеше күн бұрын тұндырып қоямыз. Себебі, судың құрамындағы балықтарға зиянды заттар түбіне шөгуі тиіс. Содан кейін аквариумға ұлуларды саламыз. Олар аквариумның қабырғаларын, түбін тазалап, балықтардан қалған тамақтардың қалдығын жейді. Ұлулар – аквариумның санитарлары. Балықтар ауа жетпей жатса, аквариумның бетіне шығып тыныстап алады. Суда оттегі | дауысты дыбыстар жуан жіңішке болып бөлінеді. "І" дыбысы – жіңішке дауысты дыбыс, "ы" дыбысы – жуан дауысты дыбыс.<br>**Дидактикалық ойын: «Буынға бөлу»**<br>Ойын шарты: тақтаға кітап, ілгіш, ішік, түлкі суреттері ілінеді. Тақтаға шыққан бала балғаны үстелге ұру арқылы суреттегі заттың атын буынға бөледі.<br>– Балалар, қазір біз "ілмек" сөзіне дыбыстық талдау жасаймыз. Бірінші тұрған дыбыс қандай дыбыс? І-і-ілмек?<br>– "І" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?<br>– Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз?<br>– Іл-л-лмек, екінші қандай дыбыс естіліп тұр?<br>– "Л" дыбысы дауысты ма әлде дауыссыз ба?<br>– Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?<br>*Педагог үшінші дыбысқа ерекше тоқталып оқиды.*<br>– Ілм-м-мек. Үшінші дыбыс қандай дыбыс?<br>– "М" дыбысы дауысты |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дидактикалық ойын: «Дыбыстарды дауыстап айтайық».**<br>А-а-а, ә-ә-ә.<br>Дауыссыз дыбыстарды айтқызып қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды тапқызу: б, в, г т.б.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Дәптердегі тапсырма орындалады.<br>Ойын шарты: Педагогтің көмегімен балалар дәптердегі суреттер қандай дауыссыз дыбыстан басталып тұрғанын айтады.<br>**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**<br>– Балалар бүгін кімнің өлеңін жаттадық?<br>– Өлеңнің тақырыбы қалай аталады?<br>Педагог балалардан дыбыстар нешеге бөлінетінін, дауыссыз дыбыстардың түрлерін айтып беруді сұрайды.<br>**2.Музыка**<br>**3.Русский язык**<br>**Тема:** «Я умею считать до 10»<br>**Цель**: формирование умения считать в пределах 10.<br>**1.Организационный момент**<br>**Утренний круг**<br>*Собрались все дети в круг.* | **Моншақтардың суретін салып, 3-тапсырманы орындайды.**<br>**3.Рефлексия.**Оқу қызметін қорытындылайды. Заттың қай жерде орналасқанын айту үшін балалардың қандай сөздерді пайдаланғанын сұрайды.<br>«Алдымен ең астына дәптерді қойыңдар, оның үстіне үлестірмелі материалдар салынған папканы, сол жағына қарындаштарды қойыңдар және т.б. сөйлемдерін пайдалануға болады.<br>**2.Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы**: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері.<br>**Мақсаты:** еліміздің рәміздері туралы түсініктерінің болуы және оны құрметтеу; елтаңбада бейнеленген суреттердің нені білдіретінін түсіндіре алу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Шаттық шеңбер**<br>**2. Негізгі кезең.**<br>**Педагог әңгімесі:** Тарихта таңбаны пайдалану дәстүрі ежелгі көне түркі заманында пайда болған.<br>Көшпенділер ортасында бір тайпадан екінші тайпа бөлініп шыққанда, киелі төрт қанатты туын көтере, дүниені дүбірлетіп | *Қолға қалам аламыз.*<br>**Дәптермен жұмыс:** дәптердегі №26 тапсырма орындалады. Көмек керек балаларға педагог көмектеседі.<br>**3. Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.<br>**2.Музыка**<br>**3.ӨӨТ**<br>**Тақырыбы.** Менің кішкентай достарым.<br>**Сабақтың мақсаты:** «Қамқорлық» ұғымы туралы түсініктерін кеңейту.<br>**І.Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**1. Сәлемдесу.**<br>**2. Тыныштық сәті.**Сабақта жағымды күйге келу. Табиғат үні, орманға саяхат жасау.<br>-балалар, денелеріңді түзу ұстап, бастарыңды жоғары көтеріп, ыңғайланып отырыңдар. Көздеріңді жұмсаңдарда болады ауаны терең жұтып, еркін тыныс алыңдарп. Өздеріңнің тыныс алуларыңды бақылап, бақытқа, махаббат пен тыныштыққа толы таза, шипалы ауаның тұла | жеткілікті болуы үшін аквариумға компрессордың көмегімен ауа жібереміз.<br>**Сергіту сәті**<br>*Балық жүзді таза суда,*<br>*Бір керіліп, бір жиырылуда.*<br>*Жүзіп, жүзіп шаршағанда,*<br>*Тығылады тасты құмда.*<br>Балаларға аквариумдағы балықтармен танысып, олардың өздеріне тән белгілерін атап беруді тапсырады.<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс істеу.** Достарыңмен бірге балықты бақыла. Сызба бойынша әңгіме құрастыра. Балықтарға күтім жасауға қажетті құралды қоршап сыз.<br>**Педагог белгілі бір нысанды жасырады.**<br>Балалар сұрақтар қоя отырып, оның қандай зат екенін табады. Тек «иә» немесе «жоқ» деп жауап беруге болатын сұрақтарды ғана қоюға болады.<br>**П: Мен бір жануарды жасырамын.**<br>Б: *Жануарлар әлеміне жататын зат па? (Иә)Ол жанды табиғатқа жата ма(Иә)*<br>*Ол жануар ма? (Иә)*<br>*Ол жәндік пе? (Жоқ)*<br>*Құс па? (Жоқ)*<br>*Ол балық па? (Иә)* | ма, дауыссыз ба?<br>Ендеше оны қандай түспен белгілейтін едік?<br>Педагог төртінші дыбысты созып оқиды.<br>– Ілме-е-ек.<br>– Төртінші дыбыс қандай дыбыс екен?<br>– "Е дауысты ма әлде дауыссыз ба?– Қандай түспен белгілейміз?<br>– Енді соңғы дыбыс қалды, ілмек-к-к.<br>– Соңғы дыбыс қалай аталады?– "К" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?<br>– Қандай түспен белгілейміз?– Ілмек сөзінде барлығы неше дыбыс бар? Нешеуі дауысты дыбыс, нешеуі дауыссыз дыбыс?<br>**Сергіту сәті:**<br>*Тербеледі ағаштар,*<br>*Алдымнан жел еседі.*<br>*Кіп-кішкентай ағаштар*<br>*Үлкен болып өседі.*<br>– Балалар, енді сендер өздерің орындарыңда "іні сөзіне дыбыстық талдау жасаңдар.<br>Педагог көмек керек балаларға көмектеседі.<br>Қателерін түзеп тексереді үйретеді. Дұрыс талдаған бірінші бала тақтада талдау құқығына |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Я – твой друг и ты – мой друг! Дружно за руки возьмемся*<br>*И друг другу улыбнемся.*<br>Педагог предлагает проговорить чистоговорки, напоминает, что проговаривать надо медленно, четко проговаривая каждый звук.<br>**Фонетическая зарядка**<br>*Ду–ду–ду – в детский сад пойду. Ру–ру–ру – начинаем мы игру.*<br>Дети медленно и четко проговаривают чистоговорки, стараются чисто проговаривать звуки русского языка.<br>**П/игра: «Один – два – три – лови».** Педагог бросает мяч ребенку:–Один – два – три – Марат, лови! Марат, отдай соседу. Мяч передают по кругу, игра так и продолжается.<br>**Вспомни считалку:**<br>*Раз, два, три, четыре, пять,*<br>*Научились мы считать.*<br>*Ну, а дальше мы не знаем,*<br>*Может, вместе посчитаем?*<br>Дети вспоминают и проговаривают считалку, четко проговаривая числительные.<br>Знакомство с новыми словами. | ұранын шақырып, алты алашқа паш етіп, таңбасын белгілеу дәстүр болған. Сол таңбаға қарап елін айыру мүмкін болған. Бұл дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған. «Герб» деген термин немістің «ербо» деген сөзінен шыққан. Бұл ұғым өз тілімізде «таңба» деген мағынаны білдіреді. Қазақ даласындағы таңбалар жиынтығы – Таңбалы таста. Ол жерде ескі уақыттан сақталып келе жатқан көп елдердің таңбалары бар. Сол себептен қазақ халқының бас қосып ұран шақырған жері –<br>*– «Герб» деген сөздің мағынасы нені білдіреді?*<br>– «Герб» деген сөздің мағынасы – «таңба» деген сөзді білдіреді.<br>*– Таңбалы тас қай жерде орналасқан?*<br>– Таңбалы тас Бетпақдала сахарасы, Ұлытау тауында орналасқан.<br>– Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көгілдір түсті. Мемлекеттік Тудағы көгілдір түс Қазақстан халқының жеке мемлекет болуға ұмтылған ниет-тілегінің тазалығын, асқақтығын көрсетеді. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Қанатын жайған қыран құс – | бойларыңа толғанын сезініңдер. Ал енді көздеріңді ашсаңдар да болады.<br>**II. Жағымды ой пікір (дәйексөз)**<br>«Ит- жетіқазынанның бірі » осы нақыл сөзді бүгінгі сабақтың дәйексөзі ретінде түсіндіреді.<br>***Мұғалім балалардың жауаптарын тыңдап, өзі қорытынды жасайды:***<br>*-Үй жануарлары адамның пайдасына жарайтын досы, көмекшісі екен. Ит адамдардың жанында жүріп қорғайды, үйлерді күзетеді. Ал біз итті қамқорлыққа алып, жақсы көреді екенбіз. Сондықтан да «Ит-жеті қазынаның бірі» - деп бекер айтпаған.*<br>**IV. Оқиға айту. Ит адамның досы**<br>Балалар, сендер қандай үй жануарларын жақсы көресіңдер? Оларға қандай қамқорлық жасауға болады?<br>-Дұрыс айтасыңдар, балалар, бәріміз үй жануарларын жақсы | *Ол аквариум балығы ма? (Жоқ)*<br>*Өзенде тіршілік ететін балық па? (Жоқ)*<br>*Ол жыртқыш балық па? (Иә)*<br>*Ол адамға шабуылдай ма? (Иә)*<br>*Оның ала түрі бола ма? (Иә)*<br>*Ендеше ол – акула! (Иә)*<br>Педагог балаларға мынадай сұрақ қояды: акула аквариумда тіршілік ете ала ма? Балалар пікір таластырып, акулаға өте үлкен аквариум қажет деген қорытынды жасайды.<br>3.**Қорытынды кезең (рефлексия)**<br>Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Содан соң балаларды ынталандырады. ҰОҚ қызықты болған болса, күліп тұрған смайлдың суретін салуды сұрайды. Қызықты болмаса, тік сызық сызады.<br>**2.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы**:Шана.<br>**Мақсаты**:қысқы табиғат ерекшеліктерін, әсемдігін сезіну, ойнап жүрген балалардың шанасын мүсіндей білуге үйрету.<br>**ҰОҚ-нің барысы**<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Шеңберге тұрып амандасу.<br>**«Жылы сөздер шеңбері»** | ие болады. Қалған [illegible] тақтаға қарап,қателері болса түзейді.<br>Дәптермен жұмыс: дәптердегі № 27 [illegible] орындалады. Көмек керек балаларға педагог көмектеседі.<br>**3. Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы**: Тәуелсіз Қазақстан<br>**Мақсаты**: Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары мәдениет туралы түсініктерін кеңейту. Туған еліне деген мақтаныш сезімдерін қалыптастыру<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Шаттық шеңбері**<br>*Отан деген – атамекен,*<br>*Отан деген – туған жер.*<br>*Отан – ана,*<br>*Отан – үлкен*<br>*Туған ел!*<br>**2. Негізгі кезең**<br>– Біз қай Республикада тұрамыз?<br>– Қазақстан Республикасының бас қаласы қай қала?<br>- Қазақстан жері үлкен, |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Билингвальный компонент:** *алты – шесть, жеті – семь, сегіз – восемь, тоғыз – девять, он – десять.*<br>Дети повторяют новые слова.<br>**Р/У «Посчитай пальчики»**<br>Предлагает посчитать пальцы на одной руке, а потом считает на другой руке: шесть – семь – восемь – девять – десять.<br>Дети читают пальцы на руке, запоминают новые числа, проговаривают хором и индивидуально.<br>**Физминутка «1, 2, 3, 4, 5»**<br>*1, 2, 3, 4, 5 – топаем ногами, 6, 7, 8, 9, 10 – хлопаем руками,*<br>*1, 2, 3, 4, 5 – занимаемся опять*<br>**И/У «Сосчитай: один – два – десять»** Один внук – два внука – десять внуков Одна внучка – ..<br>Один брат – ... Одна сестра – ...<br>Дети внимательно слушают образец педагога, называют числительные.<br>**П/игра «Кто знает, пусть дальше считает».**<br>Дети стоят в кругу, а педагог – в центре. Он бросает ребенку мяч и называет число. Ребенок называет следующее число и т.д. | білік, айбындылық бейнесі.<br>Балалар Елтаңба суретінен не көріп тұрғандарын айтады.<br>– Елтаңба – Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі. Елтаңбаның негізгі бөлігі – шаңырақ. Шаңырақ – мемлекеттің түп-негізі – отбасының бейнесі. Қанатты тұлпар – ұшқыр арманның, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың көрінісі. Қанатты тұлпар уақыт пен кеңістікті біріктіреді. Бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын паш етеді. Бесбұрышты жұлдыз елтаңбаның тәжі іспетті. Әрбір адамға жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар. Еліміздің гимні – «Менің Қазақстаным » әні. Рәміздер – әр елдің дербестігін, тәуелсіздігін айқындайтын белгілер.<br>– Рәміздерді қандай жерлерге іледі?<br>Балалар қай жерлерде Қазақстан Туының ілініп тұрғанын көргендерін айтады.<br>– Рәміздерді барлық жерге ілуге болмайды. Мемлекеттік маңызы бар жерлерде ғана ілінеді. | көріп, оларға қамқорлық жасай алады екенбіз.<br>**«Жеті қазынаның бірі» аңызын әңгімелеу.**<br>Ит неліктен достыққа адамды таңдады?<br>«Ит- адамның досы» деп неліктен айтады?<br>Балалар өз таңдаулары мен бөлісуіне мүмкіндік жасап, балаларға қуаныш әкеледі.<br>**V. Шығармашылық жұмыс**<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>Өздеріңнің кішкентай достарыңның суреттерін салыңдар.<br>**VIII. Сабақтың қорытынды сәті.**<br>Балалар, біз кішкентай достарымызға қамқорлық жасау керектігін үйрендік. Біздің бүгінгі сабағымыз ерекше, сәтті болды деп ойлаймын. Өйткені біз өзіміздің кішкентай достарымыз ит жайлы тереңірек білдік, олар біздің досымыз екенін түсіндік .<br>4.**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Хоккей ойнап үйренеміз!»<br>**Мақсаты:**Балалаларды хоккей ойынымен таныстыру, қозғалысқа | **психологиялық тренингі.**– Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>–Балалар, кәне, бәріміз теледидардың көмегімен қыс мезгілінің көңілді сәттерін есімізге түсіріп көрейікші.<br>Балалар, қарандаршы, қыс мезгілінде қысқы ойындар өте қызықты, әр мезгілдің өзіндік қызықты ойындары болады.<br>-Қысқы ойындарды атап беріңдерші? Қысқы ойындардың көбісі қармен байланысты.Біздің ең жақсы көретін ойынымыз шанамен сырғанау емес пе?!<br>2.**Негізгі кезең.**<br>– Кәне, әркім өзімізге әдемі шана мүсіндейік.<br>– Мүсіндеуге дайынсыңдар ма?<br>– Балалар, шананы қандай түсті ермексазбен мүсіндейміз?<br>– Ал ондай болса әркім өзіне түрлі түсті ермексазды таңдап алып, шананы мүсіндейді.<br>**Педагог жасалу жолын көрсете отырып түсіндіреді:**<br>1. Шананың екі табанын жасаймыз. Ермексазды есіп, жалпақтау арқылы екі шетін иеміз.<br>2. Шананың табанын ұстап тұратын тіреуіштерді есу арқылы жасап, табанына | табиғаты бай, көп ұлтты егемен мемлекет. Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері бар. Ол – туы, елтаңбасы, гимні. Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұландарымыз.<br>- Бүгін ақын Оразақын Асқардың «Тәуелсіз Қазақстан» атты өлеңімен танысамыз.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>*Тәуелсіздік – еркіндік, теңдік, егемендік деген мағынаны білдіреді. Еркіндік – еліміз ешкімге тәуелді емес, өз туы, гимні, елтаңбасы бар. Теңге – біздің ұлттық төл ақшамыз.*<br>**Сұрақ-жауап:**<br>- Өлең қалай аталады?<br>- Сендерге өлең ұнады ма<br>- Өлеңде не туралы айтылған?<br>- Еліміздің қандай рәміздері бар?<br>- Сендер «тәуелсіздік» дегенді қалай түсінесіңдер?<br>**Сергіту сәті:**<br>*Егемен елдің ұлымын,*<br>*Ертеңгі күннің нұрымын.*<br>*Отанын сүйген азамат*<br>*Болатындардың бірімін.*<br>*Білімнен жұпар* |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Работа в азбуке-тетради**<br>–Узнай, кто это. Для этого соедини цифры от 1 до 10 по порядку. Раскрась рисунок. Посчитай и назови, сколько у верблюда ног, ушей.<br>Дети внимательно слушают и выполняют задание в азбуке-тетради.<br>**Рефлексия**<br>Педагог подводит итог, поощряет детей.<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**: «Отбасылық альбом»<br>**Мақсаты:** Допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту.<br>1.**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Отбасылық фотосуреттердің маңызы жайлы түсіндіреді.<br>**2.Негізгі кезең**<br>**І.Қимыл-қозғалыс ойыны: «Өз түсіңді тап!».** Жұп болып екі тізбекке тұрады. Тізбекте жүру, жүгіру. Бір-бірінің аяқтарын басып кетпеулерін қадағалау.<br>Түрлі түсті қолорамалдарын алып, орамалдардың түстеріне сәйкес жұп болып тұрады. Зал ішінде педагогтің белгісі | – Қазақстан Елтаңбасының авторлары кімдер?<br>– Жандарбек Мәлібеков, Шота Уәлиханов.<br>– Қазақстан Гимнінің авторлары кім?<br>– Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев, Шәмші Қалдаяқов.<br>– Қазақстан Туының авторы кім? – Шәкен Ниязбеков.<br>– Мемлекеттік рәміздерді тағы қай жерлерден көруге болады?<br>– Мысалы, үлкен теңіз, мұхиттарда көп кемелер жүзіп барады. Олар өздерінің қай елден екенін білдіру үшін мемлекеттік Туын іледі.<br>– Әртүрлі спорттық жарыстарда, олимпиадаларда спортшылар өз елінің туымен шығады.<br>Спортшылар жеңіске жеткенде сол елдің туы желбіреп, әнұраны орындалады.<br>– Барлық елдерде біздің елшілігіміз бар. Сол елшіліктердің төбесіне ҚР Туы ілінеді. Спортшылар жеңіске жеткенде сол елдің туы желбіреп, әнұраны орындалады.<br>– Қазақстан азаматтары шетелге сапарға аттанғанда, өзінің төлқұжаты – паспорты болады.<br>**Сергіту сәті**.<br>*Біз Отанды сүйеміз (қолдарын* | дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс тұруды үйрету. Шайбаны ілгері бағытта алып жүруге үйрету.<br>ҰОҚ барысы:<br>1.Ұйымдастыру кезеңі<br>Балаларды имек ағаш, шайба,хоккей ойынының ережелері,хоккейшілердің киім ерекшеліктерімен таныстыру.<br>Шайбаға арналған имек ағаш – хоккейде шайбаны ұратын, пас беретін, шайбаны алып жүретін спорттық құрал.<br>*Ойын кезіндегі мұзда жүру қауіпсіздік ережелерін сақтауға назар аудару.*<br>2.**Негізгі кезең**<br>**І.Имек ағашпен жаттығулар орындау**:<br>Бір қолдан екінші қолға ауыстыру, айналдыру, қолдарына имек ағашты ұстап тұрып сермеу, имек ағашты бір қолдан екінші қолға ауыстырып, денені айналдырып қозғалту, имек ағашты екі қолмен айналдыру.<br>Қауіпсіздік ережелерінің | бекітеміз.<br>3. Шананың беткі, отыратын тақтайшасын түрлі түсті ермексазды алақан арасына салып, тіктөртбұрыш пішініне келтіріп жасаймыз.<br>4. Шананың дайын бөліктерін бір-біріне шымшып жапсыру арқылы жинақтап, шана бейнесін мүсіндеуді аяқтаймыз.<br>**Сөздік жұмыс**:коньки, шаңғы тебу.<br>**Сергіту сәті.**<br>*Балалар көңілді музыка ырғағымен еркін билейді.*<br>*Балалар жұмысқа кіріседі.*<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>3.**Рефлексия**.<br>Педагог оқу қызметін қорытындылап,балаларды мадақтайды. Балалардың жасаған әдемі жұмыстарынан көрме ұйымдастыру және баланың өзін-өзі бағалауын анықтау.<br>**3.Дене шын**<br>**Тақырыбы:** «Тату-тәтті баламыз!»<br>**Мақсаты:**Балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі** | *жинаймын,*<br>*Еліме бақыт сыйлаймын.*<br>Балалар қимылмен орындайды.<br>- Өлеңді қайталап есімізге түсірейік.<br>3-4 балаға өлеңді мәнерлеп жатқа айтқызу.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>- Суретке қара, не байқадың? Өз ойыңды айт.- Суретте не бейнеленген?<br>- Сен Астананы көрдің бе<br>- Мақалдың мағынасын түсініп ал: *«Туған жерге туыңды тік».*<br>3**. Қорытынды бөлім.**<br>**Рефлексия**<br>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.<br>- Сабақта сендерге не ұнады?<br>**3.Аппликация**<br>**Тақырыбы:** Қуыршаққа арналған көйлек.<br>**Мақсаты**:қағазды бүктеу әдісі арқылы көйлек пішінін қиюға үйрету.<br>**ҰОҚ-нің барысы**<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Шаттық шеңбері.**<br>*Қуыр-қуыр, қуыршақ,*<br>*Құмды бірге суырсақ.*<br>*Балшықты да илесек,*<br>*Қалыпты да сүйресек.* |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| бойынша шашырап жүреді. «1, 2, 3 – Өз түсіңді тап!» деген бұйрық бойынша жұп болып екі тізбекке жылдам тұрады.<br>Жүруді жүгірумен алмастырады. Бағыт қозғалысын сақтайды.<br>Зал ортасында екі-екіден тізбеке сап түзеп тұрады.<br>Тізбектен екі жаққа оңға, солға жүру.<br>**II.Ырғақты гимнастика**.<br>Қолды шынтақтан бүгіп, бірақ түзу ұстап, денені солға, оңға бұру, еңкейгенде тізені бүкпейді.<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастыру тәсілімен орындау: «Баскетбол» – допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету.<br>Нұсқау – бастапқы қалыпты дұрыс қабылдау, допты алақанмен соқпау.<br>Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту.<br>**«Классиктер»:** бір құрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру.<br>Нұсқау: аяқтарының ұшымен жұлқи серпілу; жерді табанымен толық баспайды. (3 рет)<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** | ***жоғары көтеріп, екі жағына жаяды).***<br>*Біз Отанға адалмыз* ***(қолдарын кеуделеріне қояды).***<br>*Көгілдір ту тігеміз* ***(сол қолмен туды көрсетеді).***<br>*Қалай жасық боламыз* ***(жұдырықтарын түйіп, иықтарына қояды).***<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**3. Рефлексия**.Сұрақ-жауап әдісі арқылы еліміздің рәміздері туралы алған білімдері пысықталады.<br>**3.Сурет.**<br>**Тақырыбы:** Ертегідегі құс.<br>**Мақсаты:** құстардың сыртқы бейнесі туралы жалпы ұғым қалыптастыру, құстар туралы білімдерін жетілдіру.<br>**ҰОҚ-нің барысы**<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Жыл мезгілдерінің ерекшеліктері жайында әңгімелесу.<br>– Қыста қыстап қалған қандай құстарды білесіңдер? Қазір қандай құстар ұшып келді? Әлі келмеген, өздерің бұл жақта әлі көре қоймаған қандай құстар бар?<br>**2.Негізгі кезең**<br>*Балалар сурет салуға қажетті құрал-жабдықтарын алып, іске кірісер алдында көрнекті көркем суреттер көрсетіліп, қысқаша әңгіме өткізіледі.* | сақталуын, балалардың қажетті арақашықтықта тұрғанын қадағалау.<br>**II.«Тарт-итер».**<br>Қауіпсіздік ережелерінің сақталуын, итеру-тарту дұрыс мөлшерлеп, бөлінуін қадағалау.<br>Залдың бір шетінен екінші шетіне қарай қозғалады.<br>Имек ағаштан ұстап, бір-біріне қарап тұрады. Бір бала арқасымен жүреді, екіншісі итереді.<br>Шайбаны түзу бағытта алып жүру.<br>**«Мұзшалар, жел мен аяз» қимыл-қозғалыс ойыны**.Алаңқайды толық пайдаланып, бір-біріне соғылмай қозғалу керек.<br>Ойыншылар екі шеңбер құрып тұрады. Бір шеңбер ақ қаршаның төңірегінде, екінші шеңбер көк қаршаның төңірегіне құрылады.<br>Балалар шеңбер бойымен жай жүреді. «Жарқырап ақша қар,Сылдырлап ұшады!<br>Дың, дың, дың!» шеңберде жүреді. «Жел!» дегенде, шашырап жүгіре жөнеледі. «Аяз!» | Бұл – мен, бұлар – менің достарым» ойыны<br>Шеңберге тұрады.<br>Сұрақтарға «Бұл – мен, бұлар – менің достарым» деген жауап қайтарады.<br>–Балабақшаға кім көтеріңкі көңіл күймен келеді?<br>–Кім үйінде анасына, әкесіне көмектеседі?<br>–Кім үйінде ойыншықтары мен кітаптарын шашпайды?<br>–Кім жуынуды ұмытып кетеді?<br>–Кім футболды жақсы ойнайды?<br>–Кім спортпен айналысқанды ұнатады?<br>2.**Негізгі кезең**<br>**I.Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Жұбыңды тап!», тізбекке екі-екіден тұрады. Жүру, жүгіру. Бір- бірінің аяқтарын басып кетпеулерін қадағалау.<br>Түрлі түсті қолорамалдарын алып, орамалдардың түстеріне сәйкес жұп болып тұрады. Зал ішінде педагогтің белгісі бойынша шашырап жүреді. «1, 2, 3 – Өз түсіңді тап!» деген бұйрық бойынша жұп болып екі тізбекке жылдам тұрады.<br>Жүруді жүгірумен алмастырады. Бағыт қозғалысын сақтайды.<br>**II.Ырғақты гимнастика** | *Отырғызсақ жемісті,*<br>*Бітірер ек көп істі,–дейді*<br>*Гүлсім күлімдеп,*<br>*Қуыршаққа күнім деп.*<br>*Қуыршағы кекілді,*<br>*Келісетін секілді.*<br>Педагог:–Балалар, бізге ойыншықтар не үшін қажет?<br>–Дұрыс айтасыңдар. Ойнау үшін, әдемілікті сезіну үшін, бір-бірімізге сыйлау үшін қажет.Сондай әдемі ойыншықтарымыздың бір – қуыршақ.<br>**2.Негізгі кезең**<br>Педагог:–Балалар, бәріміздің қолымызда қуыршағымыз бар.<br>–Ендеше, қуыршақтарға киінуге көмектесейік.<br>–Ол үшін бізге не қажет?<br>Балаларға 40-беттегі киімнің дайын сызбасы ұсынылады.<br>Педагог балаларға қағазды екіге бүктеу арқылы симметриялы пішінді қию әдісін көрсетеді. Педагог балалардың әрқайсысы қасына барып, аралап көріп, жекелеген балаларға көмектеседі.<br>–Алдымыздағы үлгіге қарап отырып, алдымен |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Дәл беру».**<br>Жұп болып, бір-біріне қарама-қарсы тұрады (арақашықтықтары – 3 м).<br>Серіктесіне допты табанымен домалатып әкеледі.<br>**«Көңіл күй»**Отбасындағы көңіл күйді көрсетеді.<br>Шеңберге тұрады.<br>-Күзгі бұлт тәрізді қабақтарын түйеді;<br>-Күн сияқты күлімдейді;<br>-Дауыл соққандай ашуланады;<br>-Найзағайды көрген адам сияқты қорқады;<br>-Боран ішінде келе жатқан адам сияқты шаршайды;<br>-Бұтақта отырған құс, толқынмен жүзіп келе жатқан кеме сияқты демалады.<br>**Қорытынды кезең (рефлексия).** Отбасындағы бір адамның көңіл күйі нашар болса, ол барлық үйдегі адамдарға әсер ететіндігін түсіндіреді. | – Балалар, өткенде құстарға ұя жасап, оны ағаштың басына іліп, құстарға бақылау жасағанда ұя салатын және ұя салмайтын құстар бар екенін білгенбіз, ұя салмайтын, жұмыртқасын өзге құстың ұясына салатын қандай құс? (Көкек).<br>**Педагог сауалы:**<br>– Құстар туралы қандай ертегі білеміз? Естеріңе түсіріп көріңдерші?<br>– «Құс базары», «Үй құстары» Құстардың дене бітімін еске түсіру (денесі сопақша, басы дөңгелек, тұмсығы үшбұрыш т.б.). Тырналардың үшбұрыш жасай ұшып келе жатқанын немесе ұясының жанындағы қараторғай бейнесін суреттен көрсетеді. Суретті салудың ретін түсіндіріп, тақтаға салып, қарапайым сызықтармен салудың жолдарын ауада көрсетіп, бормен сызып көрсетеді.<br>– Балалар, алдымен қарындашпен қағаздың ортаңғы бөлігіне сопақша пішінді қиғаштап саламыз. Сопақшаның жоғарғы бөлігі сол жаққа қарай салынса, ал астыңғы бөлігі қағаздың оң жағына қарай төменге қарай бұрыла салынады. | дегенде, қайта жүгіріп келіп өз шеңберін қайта құруы керек. Бірінші болып тұра қалған команда ұпай алады. Бірнеше қайталағаннан соң, ең көп ұпай жинаған команда жеңеді.<br>**III.Кинезиологиялық гимнастика**<br>**«Тілше».**<br>**Тілімізді шығарамыз, Қараңыздар, қандай тіл!**<br>*(Тілдерін алға-артқа қозғалтады.)*<br>**«Тілше».**<br>**Тілімізді қозғалтамыз, Қозғалса ол шынығады!**<br>*(Тілдерін оңға-солға қозғалтады.)*<br>**«Ауыз».**<br>**Шайнандаймыз аузымызбен,Шынықсын деп жағымыз!**<br>(Ауыздарын ашып, жақ сүйегімен оңға-солға шұғыл қимылдар жасайды)<br>**3.Қорытынды кезең (рефлексия).** Ортақ қимыл-қозғалыс мәселелерін шешуде топпен жұмыс істеу, ізгілікті қарым-қатынас құруға басты назар | **(№2).**Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастыру тәсілімен орындау:<br>«Баскетбол» – допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Нұсқау – бастапқы қалыпты дұрыс қабылдау, допты алақанмен соқпау.Допды еденге бір қолмен соғады, еденнен ыршыған допты саусақтарын ашқан күйде күтіп алады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еденде тұрып қалма».**<br>Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүгіріп жүреді. Педагогтің: «Ұста!» деген бұйрығы бойынша орындарына жүгіреді. Ұстаушы бала секіріп орындарына шыға алмаған балаларды ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады.<br>**Сауықтыру массажы: «Шапалақта». (3 рет)**<br>*1.Алақандарын бір-біріне үйкелейді.*<br>*2.Алақандарымен шекелерін шапалақтап соғады.*<br>*3.Беттерін шапалақтап соғады.*<br>*4.Мойындарын шапалақтап соғады.* | көгілдір түсті бөлікті қиып аламыз. Қағазды ортасындағы белгі бойынша бүктеп, сызықтың бір шетінен бастап аяғына дейін қиямыз. Қуыршақтың киімінің кеуде бөлігі дайын болды.<br>**Сергіту сәті.**<br>**Әдептілік әлемі.**<br>*Қарсы ал ерте күн көзін,*<br>*Төсегіңді жина өзің.*<br>*Асықпай іш тамақты,*<br>*Жалама аяқ-табақты.*<br>*Пышақты ұста оң қолмен,*<br>*Шанышқыны сол қолмен.*<br>*Нанды үгітпе, қадірле,*<br>*Қабығымен бәрін же.*<br>*Салдыр-салақ болмағын.*<br>–Балалар, сергіп алсақ жұмысымызды әрі қарай жалғастырайық.<br>–Енді, қуыршағымыздың белдемшесі (юбкасы) қалды.<br>Қызыл түсті қағазды белг бойынша бүктеп, сызықтың бір шетінен әдемілеп, ұқыптылықпен қиямыз. Белдемшеміз дайын болды.<br>–Балалар, бүгінгі қиған киімдеріміз қандай математикалық пішіндерге ұқсайды? |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Сергіту сәті**<br>**Он саусақ**<br>*Жалғыз саусақ тіпті де,*<br>*Ұстай алмас жіпті де.*<br>*Екі саусақ бірікті,*<br>*Ине қолға ілікті.*<br>*Үш саусағым орамды,*<br>*Жүгіртеді қаламды...*<br>*Өнерлі екен он саусақ:*<br>*Қала салсақ, жол салсақ.*<br>3. **Рефлексия**<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі қорытындыланады.<br>**4.Вариатив Ертегілер әлемінде**<br>**Тақырыбы:** «Үйшік» ертегісі<br>**Мақсаты:** Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту. | аудару. | *5.Кеуделерін шапалақтап соғады.*<br>**3. Қорытынды кезең (рефлексия).** Достық туралы өлең оқиды. Мазмұнын ашады. *Дос болам десең, Досымды сыйла, қымбаттым! Досыңа сонда, Досыммен ғана қымбатпын.*<br>**4. Логика**<br>**Тақырыбы:** «Жүзден жүйрік»<br>**Мақсаты :** Сандар туралы өткенді пысықтау, ойындар арқылы ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. | –Енді, қуыршағымызды киіндірейік.<br>Желімді жағып, орын-орнына жапсырайық.<br>**3.Рефлексия.**<br>Педагог қортындылап, балаларды мадақтайды. Балалармен жұмысты талдайды. Жасалған жұмыстары көрмеге қойылады.<br>**4. Вариатив Өнерлі екен он саусақ**<br>**Тақырыбы**: Тасбақаның суретін салып үйренеміз сурет салу<br>**Мақсаты:**<br>Қызығушылықтарын арттыру. |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. |
| **Серуен** | **Бақылау:Торғайларды бақылау.Мақсаты**:Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру; құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Нысанаға тигіз».**Мақсаты:** ұшып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың орындалуын есептей білу. | **Бақылау: Қардың түсуін бақылау**<br>**Мақсаты:** Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру; Қардың түсуі туралы білімдерін молайту.<br>**Қимылды ойын:**«Ыстық-суық».<br>**Мақсаты:** тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету | **Бақылау: Боранды күнді бақылау**<br>**Мақсаты:** желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру.<br>**Қимылды ойын «Ұшты-ұшты».**<br>**Мақсаты:**аңғарымпаздыққа, шапшандыққа баулу | **Бақылау: Боранды күнді бақылау**<br>**Мақсаты:** желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру.<br>**Қимылды ойын «Ұшты-ұшты».**<br>**Мақсаты:**аңғарымпаздыққа, шапшандыққа баулу | **Бақылау. Бақылау «Қардағы құс іздері»**<br>**Мақсаты:**қардағы құс іздерін тани білуге үйрету<br>**Қимылды ойын«Ізбе із».**<br>**Мақсаты:** тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу.. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата- аналарға балалары туралы жеке гигенасы туралы ескерту. | Киім салатын шкафтарын жинау. Үйге қайту. | Серуенге шығу. Үйге оралу, үйлеріне сұрану. | Киім салатын шкафтарын жинау. Үйге қайту | Еркін ойындар. Ата – аналары на табыстау. |



Scanned with ACE Scanner

# ЦИКЛОГРАММА.

**Желтоқсан айы.**

Өтпелі тақырып: **«Менің Қазақстаным»** Мерзімі:13.12.-17.12.2021

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалар қабылдау Ата-аналар әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | Балаларды қабылдау.<br>Ата-аналармен амандасу.<br>Ойын: «Мен еңбекқор баламын»<br>Еңбек туралы әңгімелесу<br>Еңбек тапсырмасы: Табиғат бұрышында еңбек ету | Бізді қоршаған орта жайлы әңгімелесу<br>Картинкалар топтамасын қарастыру<br>Жұмбақтар шешу<br>Еңбек тапсырмасы:Асханада кезекшілікті ұйымдастыру | «Еңбек ер атандырады».<br>Педагог балалармен үйлерінен әкелген заттарды қарап, ата - аналарының, отбасы мүшелерінің қандай және қайда жұмыс істейтіндіктері жайлы әңгімелеседі. | | |
| | Жаттығулар кешені №10 | | | | |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ)** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | **Бұл қай кезде болады? Дидактикалық міндет**. Балалардың тәулік мезгілдері туралы білімдерін нығайту; оларға тәуліктің *таңертең, күндіз, кеш, түн* тәрізді мезгілдеріну | **«Қапшықта не жатыр?»**<br>Мақсаты: Балалардың зат пен пішіндер арасындағы ұқсастықты айра білу туралы білімдерін бекіту. | **«Аттар тұяқтарымен тарсылдатады»**<br>Мақсаты: Балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту. Дыбыстық жаттығу жасау арқылы дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру | | |
| **Кесте бойынша ҰОҚ** | **<u>1.Сөйлеуді дамыту</u>**<br>**Тақырыбы:** Менің Отаным.<br>**Мақсаты**: Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету.<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>– Балалар, біз бір-бірімізді түсіну үшін не істейміз? Әрине сөйлесеміз, тілдесеміз.<br>**2. Негізгі кезең**<br>*Сөйлемдердің үш түрі болады. Біріншісі – хабарлы сөйлем*. Бір нәрсені хабарлап айтады. Сөйлем соңынан нүкте қойылады. Мысалы: Менің Отаным – Қазақстан. | **<u>1.ҚМҰҚ</u>**<br>**Тақырыбы:** Қағаз бетінде бағадарлау (жоғарыда, төменде, ортасында, оң жақта, сол жақта).<br>**Мақсаты:** балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету.<br>ҰОҚ-нің барысы<br>**1.Ұйымдстыру кезеңі.**<br>Педагог балаларға **«Қайда барасың, нені табасың?»** атты ойынды ұсынады. Ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі | 1. **<u>Сауат ашу</u>**<br>**Тақырыбы**: "І" дыбысы<br>**Мақсаты**: "І" дыбысын қайталау.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Шаттық шеңбер**<br>**2. Негізгі кезең**<br>Педагог жұмбақтар алып оқиды.<br>**Жұмбақтар**:<br>*1. Киім киген инеден,*<br>*Қорқып ешкім тимеген.*<br>*2. Өзі суда өседі,*<br>*Суға қайнап піседі.*<br>*3. Көрмедім еш үйіңді,* | | |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| – Ал енді сендер хабарлы сөйлемге мысал келтіріңдер.<br>– Сөйлем соңына не қойылады?<br>Сөйлемнің екінші түрі – лепті сөйлем. Адамның түрлі көңіл күйін – қуану, ренжу, өкіну, таңдану т.б. білдіреді. Мысалы: Жасай бер, Қазақстан! Желбіре, желбіре, көк туым!<br>Лепті сөйлем ерекше сезіммен айтылады. Ал енді сендер мысал келтіріңдер.<br>Үшінші сөйлемнің түрін сұраулы сөйлем дейміз.<br>Сұраулы сөйлемдер бір нәрсені сұрап білуді білдіреді. Соңынан сұрақ белгісі қойылады.<br>Мысалы: Сен Астанаға бардың ба? Рәміздерді білесің бе? Ал енді сендер сұраулы сөйлемге мысал келтіріңдер.<br>– Балалар, сендерге өлең жолдарын оқимын. Өлең жолдары арасынан сөйлемнің қандай түрін естігендеріңді табуларың керек.<br>*Шанамен зырлап желетін,*<br>*Шаңғы, коньки тебетін,*<br>*Аққала жасап ойнайтын*<br>*Қай мезгіл деп ойлайсың?*<br>(А.Меңжанова)<br>**Менің Отаным**<br>Әйнегі – күн,<br>Шатыры – аспан,<br>Кең далам асқақ.<br>Төсі толған егін,<br>Көлдері күміс шашқан, | кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізіледі.<br>**2.Негізгі кезең**.<br>Ойын барысы. Педагог ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. Мысалы: ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдында допты, артында мәшинені.<br>Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тығылған ойыншықтарды табатындарын хабарлайды. Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді:<br>*Оң жаққа барсаң, аюды табасың,*<br>*Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың.*<br>*Алға қарай жүрсең, допты табасың,*<br>*Артқа қарай жүрсең, мәшинені табасың.*<br>*Қайда барғың келеді?*<br>Бала ойыншықты табады. Ойын 3-4 рет қайталанады.<br>Ойын жағдаятына тартылады.<br>Термин сөздерді атайды, заттарды табады.Балалар ойынға қызығушылық танытады.<br>**Топтық жұмыс**.Топтардың әрқайсысына әртүрлі заттар (кестеге ұқсас) бейнеленген жұмыс парақтары таратылады.<br>Педагог карточкадағы суреттің орналасуын айтады, мысалы, | *Қолданбас бұл бұйымды.*<br>*Жазып қыртыс-тыртысын*<br>*Жаңалайды киімді.*<br>*4. Ауызы жоқ, тілі жоқ,*<br>*Естілетін үні жоқ.*<br>*Қарап тұрсаң бетіне*<br>*Сөйлемейтін күні жоқ.*<br>– Балалар, сендер жұмбақтардың бәрін дұрыс шештіңдер.<br>Жұмбақтардың жауабының бәрінде "і" дыбысы бар. Іңкәрдің аты да "і" дыбысынан басталып тұр.– Балалар, "І" дыбысын сендер білесіңдер ме? "І" қандай дыбыс?<br>Қандай түспен белгілейміз?<br>"І" дыбысы қазақтың төл дыбысы, сондықтан да дұрыс айтуға тырысайық.<br>Іңкәр бізге ойын әкеліпті, сол ойынды ойнайық. Ол киімдерге байланысты, киім сөзінде "І" дыбысы бар ма? Киім сөзін буынға бөлейік.<br>**Дидактикалық ойын: "Бұл киімдерді қай мезгілге киеді?"**<br>Ойын шарты: тақтаға төрт хатқалта ілінеді. Көк – қыс мезгілі, жасыл – көктем мезгілі,<br>қызыл – жаз мезгілі, сары – күз мезгілі екенін айтып түсіндіреді. | | |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Бақылау:Торғайларды бақылау.Мақсаты:**Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру; құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Нысанаға тигіз».**Мақсаты:** ұшып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың орындалуын есептей білу. | **Бақылау: Қардың түсуін бақылау**<br>**Мақсаты:** Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру; Қардың түсуі туралы білімдерін молайту.<br>**Қимылды ойын:**«Ыстық-суық».<br>**Мақсаты:** тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету | **Бақылау: Боранды күнді бақылау**<br>**Мақсаты:** желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру.<br>**Қимылды ойын «Ұшты-ұшты».**<br>**Мақсаты:**аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата- аналарға балалары туралы жеке гигенасы туралы ескерту. | Киім салатын шкафтарын жинау. Үйге қайту. | Серуенге шығу. Үйге оралу, үйлеріне сұрану. | | |

Scanned with ACE Scanner

**ЦИКЛОГРАММА.**

**Желтоқсан айы.**

Өтпелі тақырып: **«Менің Қазақстаным»** Мерзімі: 20.12.-24.12.2021

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалар қабылдау Ата-аналар әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | Балаларды қабылдау.<br>Ата-аналармен амандасу.<br>Ойын: «Мен еңбекқор баламын»<br>Еңбек туралы әңгімелесу<br>Еңбек тапсырмасы: Табиғат бұрышында еңбек ету | Бізді қоршаған орта жайлы әңгімелесу.<br>Картинкалар топтамасын қарастыру<br>Жұмбақтар шешу<br>Еңбек тапсырмасы:Асханада кезекшілікті ұйымдастыру | «Еңбек ер атандырады».<br>Педагог балалармен үйлерінен әкелген заттарды қарап, ата - аналарының, отбасы мүшелерінің қандай және қайда жұмыс істейтіндіктері жайлы әңгімелеседі. | Ауа райы туралы әңгімелесу<br>Еңбекқор болу үшін қандай бала болу керек?<br>Сұрақ-жауап<br>Фотосуреттер қарау<br>Жұмбақтар шешу<br>Еңбек тапсырмасы: Асханада кезекшілікті ұйымдастыру | «Кейбір жануарлар қыс мезгілінде неге ұйықтайды? тақырыбында әңгімелесу.<br>Д/о:Жыл мезгілін тап<br>Еңбек тапсырмасы:<br>Асхана кезекшілігін ұйымдастыру |
| | Жаттығулар кешені №12 | | | | |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ)** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | **Бұл қай кезде болады? Дидактикалық міндет**. Балалардың тәулік мезгілдері туралы білімдерін нығайту; оларға тәуліктің *таңертең, күндіз, кеш, түн* тәрізді мезгілдеріну | **«Қапшықта не жатыр?»**<br>Мақсаты: Балалардың зат пен пішіндер арасындағы ұқсастықты айра білу туралы білімдерін бекіту. | **«Аттар тұяқтарымен тарсылдатады»**<br>Мақсаты: Балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту.<br>Дыбыстық жаттығу жасау арқылы дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру | **«Неге(не үшін) оны істеу керек?» дидактикалық ойыны** Мақсаты:еңбекке қажеттіні қалыптастыру, білімде еңбек жағдайларын кеңейту. | **«Кім тез шешеді?» ойыны**<br>Тапсырма: берілген суреттердің ішінен екіншісін тауып ал. |
| **Кесте бойынша ҰОҚ** | <u>**1.Сөйлеуді дамыту**</u><br>**Тақырыбы:** Қыс (А.Құнанбаев).<br>**Мақсаты:** «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>– Балалар, мен бүгін Аязды көрдім.<br>– Ол: «Қыс мезгілі келгеніне балалар қуанды ма?» – деп сұрады. | <u>**1.ҚМҰҚ**</u><br>**Тақырыбы:** Кеше, бүгін, ертең, бүрсігүні. Таңертең, күндіз, кеш, түн.<br>**Мақсаты:**балаларды «ұзақтық» (уақыт) терминімен таныстыру.<br>**ҰОҚ-нің барысы**<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Жұмбақтарды шешуді ұсынады:<br>*– Мен тамақ ішпеймін,*<br>*Мен ешқашан ұйықтамаймын.*<br>*Өне бойы тықылдаймын.* | **1.** <u>**Сауат ашу**</u><br><u>**Тақырыбы**:</u>"Ә" дыбысы<br>**Мақсаты:"Ә"** дыбысымен таныстыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Шаттық шеңбері**<br>*Біз қандаймыз,*<br>*қандаймыз,*<br>*Шұғылалы таңдаймыз.*<br>*Жарқыраған күндейміз,*<br>*Ренжісуді білмейміз.* | <u>**1.Жаратылыстану**</u><br>**Тақырыбы**:Жануарлар тіршілігі үшін не қажет?<br>**Мақсаты:**Жануарлардың бәрінің тірі жан иесі екендігі және олардың тіршілік етуіне белгілі бір жағдайлар қажеттігі туралы түсінікті пысықтау.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Шаттық шеңбері**. | <u>**1.Сауат ашу**</u><br>**Тақырыбы:**"Ә" дыбысы<br>**Мақсаты:**"Ә" дыбысын таныстыру.<br>ҰОҚ барысы:<br>1. **Ұйымдастыру кезеңі**<br>Педагог балаларға Әліппе кітабын, әліпбиді көрсетеді, таныстырады. Әліппемен мектеп табалдырығын аттаған кезде танысатындарын |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – Мен: «Әрине, қуанды», – дедім.<br>– Сендер қуандыңдар ма?<br>– Өте жақсы, балалар. Қыс мезгілінің келгеніне қатты қуанғандарыңды Аязда көріп, риза болып қалған шығар<br>– Балалар, бүгін А.Құнанбаевтың шығармаларының бірімен танысамыз. Ол кісі қазақтың ұлы тұлғасы, ақын жазушысы, аудармашы. Шетел жазушыларының көптеген шығармаларын қазақ тіліне аударған ақын. Жылдың төрт мезгіліне де арнап өлең жазған. "Жазғытұрым", "Жаз", "Күз", "Қыс". Біз бүгін қыс мезгіліне арналған "Қыс" өлеңімен танысамыз.<br>Педагог өлеңді мәнерлеп екі рет оқып береді.<br>**2. Негізгі кезең**<br>**Қыс**<br>*Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,*<br>*Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.*<br>*Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,*<br>*Басқан жері сықырлап, келіп қалды.*<br>– Өлеңді оқып жатқанда көз алдарыңа кімді елестеттіңдер?<br>– Иә, балалар, Абай атамыз | *Күн мен түнді бақылаймын.*<br>**(Сағат)**<br>*Ағайынды екеуі*<br>*Шеңбер бойы жүгірген.*<br>*Аласа бойлы ағасы*<br>*Бір айналып өтеді,*<br>*Ұзынтұра інісі*<br>*Сағат сайын өтеді.*<br>**(Сағат тілдері)**<br>*Сағат адамға нені білуге көмектеседі?* **(Уақытты)**<br>Бүгін біз оқиғалардың ұзақтығы мен кезектілігін, яғни ненің бұрын, ненің кейін болғанын анықтап білеміз.<br>**2.Негізгі кезең.**<br>–12-кестедегі суреттерді қарандар. Бірінші суретте не бейнеленген?<br>–Екінші (үшінші, төртінші) суретте не бейнеленген?<br>–Әр суреттің астына осы оқиғалардың ретіне сәйкес сан жазылған карточканы қойыңдар. Осы оқиғалардың болатын уақытын білдіретін сөздерді табуды ұсынады.<br>**«Таңертең», «күндіз», «кеш», «түн» сөздерін білуді бекітетін 1-тапсырманы орындатыңыз.**<br>Балалардың таңертең, күндіз, кешке, түнде не істейтіні туралы сұхбат жүргізеді. Ата-аналар балаларды балабақшаға қашан әкеледі және қашан әкетеді? Балалар қай уақытта ұйықтайды, түскі тамағын қай | **2. Негізгі кезең**<br>Педагог ұл баланың суретін көрсетіп: «Әсет – деген бала», – деп таныстырады.<br>– Әсет – әдепті бала. Біздің арамызда Әсет сияқты балалар бар ма екен?<br>Әсеттің үлкен әжесі, әпкесі және кішкентай әлдиі бар. (Әженің, әпкенің, әлдидің суреттерін көрсетеді).<br>Әсеттің анасының аты – Әмина.<br>– Әже, әке, Әмина, Әсет, әлди. Бұл сөздер қай дыбыстан басталып тұр?<br>– Балалар, "ә" дыбысына қатысты тағы қандай сөздерді айта аламыз?<br>– Кәне, бәріміз айнаны алып, "ә" дыбысын қайталайық.<br>*"Ә" дыбысы ауыз қуысынан еш кедергісіз шығады. "Ә" дыбысын созып немесе әндетіп айтсақ болады. Ә-ә-ә-ә. Сондықтан да "ә" дыбысы жіңішке дауысты дыбыс және оны қызыл текшемен белгілейміз.*<br>«Ә» дыбысы қазақтың төл дыбысы екенін айтып | *Қой баласы қоңырым,*<br>*Қойдан жуас момыным.*<br>*Шопан ата түлегі,*<br>*Қошақаным қайда?*<br>**2.Негізгі кезең**<br>Әліппе-дәптердегі табиғат күнтізбесіне ауа райын белгілеуге шақырады.<br>Күрделі сұрақ: Табиғатта қандай жануарларды кездестіруге болады? Жануарлар тірі ағзаға жата ма? Қандай жануарларды жабайы, қандайларын үй жануарлары деп атайтынымызды түсіндіреді. Үй жануарлары мен жабайы аңдардың түрлерін атап шығады.<br>*Әліппе-дәптердегі тапсырманы пайдалана отырып*, балалардың тану үдерісіне деген қызығушылықтарын арттырады: жабайы аңдар мен үй жануарларының атауларын атап бер. Олардың қай жерлерді мекендейтінін білесің бе?<br>Бағыт сызығымен сызып көрсет.<br>Балалар әліппе-дәптердегі суреттерді мұқият қарап шығады.<br>**Сергіту сәті**<br>**Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды.** | айтады.<br>**2. Негізгі кезең**<br>– Әліппе мен әліпбиді бекер көрсетіп, таныстырып отырған жоқпын. Екеуі де "ә" дыбысынан басталып тұр. Әріп сөзі де "ә" дыбысынан басталады. "Ә" дыбысын сендер білесіңдер ме?<br>– "Ә" дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба?<br>– Қандай түспен белгілейміз?<br>Дидактикалық ойын: "Ғажайып текше".<br>Шарты: балалар шеңбер болып тұрады. Текшенің жағында суреттер жабыстырылады.<br>Текшені айналдырып, ортаға лақтырады. Қандай сурет түссе, сол суреттегі затты атап, сол сөзге сөйлем құрау керек.<br>Мысалы: әтеш, әже, әткеншек т.б.<br>– "Ә" – қазақтың төл дыбыстарының бірі. Сондықтан да таза, дұрыс айтып үйренуіміз керек.<br>**Жаңылтпашты жаңылмай айт.**<br>*Әсел әсем бе,*<br>*Әсем әсем бе,*<br>*Әсем әсем бе,* |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өлеңде қысты үлкен карияға,<br>яғни шалға теңеп отыр.<br>– Қалай ойлайсыңдар,<br>қарияны Абай атамыз не<br>үшін ашулы, соқыр, мылқау<br>түрінде бейнелеген.<br>– Қыс мезгіліне қай кезде<br>дайындалуымыз керек?<br>– Қыстың қаһарына<br>ұшырамас үшін адамдар не<br>істейді?<br>– Ауыл адамдары малдарын<br>қысқа қалай дайындайды?<br>–Иә, дұрыс айтасыңдар.<br>**Сергіту сәті:**<br>*Боран гулеп соғады,*<br>*Айналаны орады,*<br>*Баста – тымақ,*<br>*Үстінде – тон,*<br>*Қайсар қалай тоңады?*<br>*Аяғында – саптама,*<br>*Өзіне дәл, шақ қана.*<br>*Қолда – қамшы, астында – ат.*<br>*Мақта, мейлі*<br>*Мақтама.*<br>*Қайсар бейне атамдай.*<br>*Қой қайырған шопандай.*<br>– Бүгін "н" "м"<br>дыбыстарымен танысамыз.<br>Бұл екі дыбыстар үнді<br>дауыссыз дыбыстар.<br>**«М» дыбысының дұрыс артикуляциясы:**<br>Ерін бір-біріне қатты тиеді,<br>кішкене тіл төмен түсіп,<br>демнің мұрын арқылы | кезде ішеді?<br>Кестедегі суреттерді қарайды.<br>Ретке келтіріп, тәулік<br>мезгілдеріне атау<br>тағайындайды: таңертең, күндіз,<br>кеш, түн («тәулік» немесе «күн»<br>сөздері қолданылмайды)<br>Тамақ ішу рәсімінің атауын<br>қайталаған дұрыс: таңертең –<br>таңғы ас, күндіз – түскі ас,<br>кешке – кешкі ас, ал түнде<br>адамдар тамақ ішпейді,<br>ұйықтайды.<br>**Сергіту сәті**<br>*Біз қол соғамыз, Қол соғамыз.*<br>*Аяқпен еденді топылдатамыз.*<br>*Тіземізді соққылаймыз.*<br>*Қолымызды көтереміз.*<br>*Қолдарымыз айналады,*<br>*Төмен түседі.*<br>*Айналады, айналады.*<br>*Тоқтайды.*<br>**«Күн мен түн» дәстүрлі ойыны.** Педагог «күн» деген<br>кезде, балалар секіреді, «түн»<br>дегенде, тоқтап қалады.<br>**2-тапсырманы орындауды ұсынады.**<br>–Суретке қараңдар. Онда не<br>бейнеленген?<br>Алдымен не болды? Одан<br>кейін? Соңында не болды?<br>№ 12 кестемен жұмыс. Педагог<br>«кеше», «бүгін», «ертең»<br>сөздерін енгізеді.<br>Балалардан кеше не болғанын<br>еске түсіруді сұрайды. Ал бүгін | өту.<br>**Сергіту сәті:**<br>*Орнымыздан тұрамыз,*<br>*Қолды белге қоямыз.*<br>*Бұрыламыз оңға бір,*<br>*Бұрыламыз солға бір,*<br>*Біз бақытты баламыз.*<br>*Гүл-гүл жайнап*<br>*жанамыз,*<br>*Жаттығулар жасасақ,*<br>*Жақсы сергіп қаламыз.*<br>– Балалар, біз<br>дыбыстардан сөз<br>құралатынын білеміз.<br>Әтеш, әткеншек – бұлар<br>сөздер,<br>сөйлем болу үшін бір<br>аяқталған ойды білдіру<br>қажет. Бір сөзден сөйлем<br>құралмайды.<br>Ендеше, осы сөздерден<br>сөйлем құрап көрейік.<br>– "Әтеш" – бұл тек үй<br>құсының атауын білдіріп<br>тұр. Аяқталған ой жоқ.<br>Онда «әтеш»<br>сөзі сөйлем емес.<br>– Әтеш әдемі екен. Бұл<br>сөйлем бе?<br>*Сызбамен жұмыс*:<br>Сөйлемдегі сөздерді<br>тіктөртбұрыштармен<br>белгілейміз. Әр сөздің<br>арасына арақашықтық<br>тастаймыз. Сөйлемнің<br>соңына нүкте қойылады.<br>**Дидактикалық ойын:** | *Ұзын құлақ, сұр қоян*<br>*Естіп қалып сыбдырды,*<br>*Ойлы-қырлы жерлермен*<br>*Ытқып-ытқып жүгірді.*<br>**«Жануарды қоректендір» атты дидактикалық ойынды** ұйымдастырады.<br>Балалар екі командаға<br>бөлінеді. Бірінші команда<br>жануардың атауын атайды,<br>екіншісі оның немен<br>қоректенетінін айтады. Содан<br>кейін керісінше ойнайды.<br>Балалар өз қалауы бойынша<br>ұнататын жануарына ас<br>мәзірін дайындайды (муляж<br>немесе суреттер<br>пайдаланады).<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс істеуге шақырады.**<br>Балалармен жеке-жеке<br>жұмыс істейді. Жабайы<br>аңдардың тіршілік етуіне<br>қажеттілерін –<br>көк қарындашпен, ал, үй<br>жануарларына қажеттісін –<br>қызылмен қоршап сыз. Сен<br>неге олай<br>ойлайсың? Тек жер<br>астындағы тіршілікке<br>бейімделген жануардың<br>суретін боя. Ол туралы<br>не білесің? Ол неге зәру?<br>**3.Қорытынды кезең (рефлексия)**<br>Педагог ҰОҚ-ны<br>қорытындылайды. Содан соң | *Әсел әсем бе?*<br>Тіл ұстарту.<br>*Ән-ән-ән,*<br>*Қамба толы дән.*<br>*Ән-ән-ән,*<br>*Әжем айтқан ән.*<br>*Ән-ән-ән,*<br>*Құрып жүрген сән.*<br>**Сергіту сәті:**<br>*Алтын айдарлы әтеш*<br>*оянды,*<br>*Тым ерте тұрыпты,*<br>*Ойқастап жүріпті,*<br>*Жан-жаққа қарапты.*<br>*Айдарын тарапты,*<br>*«Қо-қо-қо», – депті.*<br>*Қорада ойранды*<br>*салыпты,*<br>*Бір тауық қайран болып*<br>*қалыпты.*<br>*Секіріп, секіріп, айғайлап,*<br>*Шарбаққа қоныпты.*<br>**"Біз де" ойыны**<br>Ойын шарты: ойын<br>жүргізуші ортаға шығып,<br>өзінің ойын айтады.<br>Ойынға қатысушылар<br>"біз де" деп қосылып<br>айтады. Егер қосылмаса,<br>онда үнсіз отырулары<br>тиіс.<br>Мысалы, жүргізуші:– Ме<br>таңертең беті қолды<br>жуамын.<br>Балалар:<br>– "Біз де".Жүргізуші:<br>– Нанмен шай ішемін. |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| шығуынан жасалады.<br>**«М» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау.**<br>*Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма.*<br>*Ма-ма-ма – апорт тәтті алма.*<br>**«Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы:**<br>*Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді.*<br>**«Н» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау.** «Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады.<br>**Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр».**<br>Мақсаты: Салынған суретті тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету.<br>Ашулы шалдың суретін бірінші болып жалғастырып, аяқта.Тіл дамыту дәптеріндегі тапсырма бойынша орындалады.<br>**3. Қорытынды бөлім. Рефлексия**<br>–Бүгін кімнің шығармасымен таныстық?<br>–А.Құнанбаев қай мезгілдерге арнап өлеңдер жазған?<br>–Қандай дыбыстармен таныстық? | не істеп жатыр? Ертең не істегілері келеді?<br>«Бүрсігүні» және «арғы күні» деген сөздер балалар үшін қиындықтар туғызады. Сондықтан педагог олардың мағынасын нақтылау үшін бір-бірінен кейін бірізді болған 5 оқиға бейнеленген суреттерді іріктеп дайындайды.<br>*Балалар ретімен сызып қосады.*<br>*Дауыстап қайталайды*: кеше – ол өтіп кеткен. Бүгін – қазір болып жатыр. Ертең – ол болады. «Кеше», «бүгін», «ертең» сөздерін кестедегі суреттерге сәйкестендіріп айтады (сонымен қатар мынадай үлгіде сөз тіркестері мен сөйлемдер құрай алады: алдымен гүлшанақ болды – бұл кеше болды; одан кейін бүгін гүл ашылды, ал ертең ол құрайды). Балалар ойынға қатысып, заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді айтады.<br>**3.Рефлексия.**Оқу қызметін қорытындылайды. Бүгін қандай сөздерді білгендерін немесе қайталағандарын сұрайды. Балаларды мадақтайды. Әсерлерімен бөліседі.<br>**2.Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы:** Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі.<br>**Мақсаты:** тұрмыстық | **"Кім шапшаң сөйлем құрайды?"**<br>Педагог суреттері көрсетеді (көбелек, көлік, тарақ, кітап т.б.). Балалар суретке байланысты 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрау керек.Балалар құраған сөйлемдерді талдайды. Педагог балалардың құраған сөйлемдерінің сызбасын тақтаға сызып көрсетеді.<br>**Саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу:**<br>*"Бір үйде біз нешеуміз?"*<br>*Басбармақ – әкем,*<br>*Балаң үйрек – шешем,*<br>*Ортаң терек – ағам,*<br>*Шылдыр шүмек – әпкем,*<br>*Кішкентай бөбек – мен.*<br>*Бір үйде біз нешеуміз?*<br>*Бір үйде біз бесеуміз.*<br>**Жұмыс дәптермен жұмыс**: Дәптердегі № 29 тапсырма орындалады. Көмек керек балаларға педагог көмектеседі.<br>**3. Рефлексия**.Педагог қорытынды жасайды. Оқу қызметіндегі түсінбегендерін балалар смайликпен көрсетеді, түсінгендерін басбармақ | балаларды ынталандырады. ҰОҚ қызықты болған болса, күліп тұрған смайлдың суретін салуды сұрайды. Қызықты болмаса, тік сызық сызады.<br>**2.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы**:Аққала соққан бала.<br>**Мақсаты**:балаларға қыс мезгілі және қыс айлары туралы түсінік беру, аққаланы жасау тәсілін меңгеру.<br>**ҰОҚ-нің барысы**<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**Шаттық шеңбері.**<br>*Таза бала мұнтаздай,*<br>*Сүйсінеді қараған.*<br>*Ұқыпты деп бұл қандай,*<br>*Жақсы көрер бар адам.*<br>*Ұқыпты осындай,*<br>*Болайықшы досым-ай.*<br>– Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>– Бір жылда неше мезгіл бар?<br>– Балалар, қыста біз қандай мерекелерді атап өтеміз?<br>– Кәне, балалар, қыс көрінісін экраннан тамашалайық. Қарандаршы, айнала қандай әдемі!<br>Педагог аққаланы суреттеп, бейнелеп (денесі үш аппақ дөңгелектен,қолында сыпырғысы бар, т.с.с) | Балалар:<br>– Біз де.Жүргізуші:<br>– Нан қоқымын шашамы<br>Балалар: үнсіз қалуы тиіс.<br>Билингвалды компонент: нан – хлеб.<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>Дәптердегі №30 тапсырма орындалады. Көмек керек балаларға педагог көмектеседі.<br>3**. Рефлексия.**Педагог қорытынды жасайды. Қандай ойындар ойнағанын, алған әсерлерін көрсету балаларға ұсынады.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Мысық, әтеш және түлкі<br>**Мақсаты:** Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін арттыру. Ертегінің мазмұны арқылы кейіпкерлерімен таныстыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>**ҰОҚ барысы**<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Шаттық шеңбері**<br>Балалар шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| занятия.<br>Дети внимательно слушают педагога, ловят мяч, вспоминают, называют слова на русском языке.<br>**Знакомство с новыми словами**<br>**Беседа по картине**<br>Педагог проводит беседу по картине.<br>–Какое время года изображено на картинке? (Это зима.)<br>–Какая погода зимой? (Зимой холодно.)<br>–Что делают дети? (Дети катаются на санках, лепят снеговика.)<br>–Назовите признаки зимы. (Зимой идет снег. Снег лежит на деревьях, земле.)<br>–Предлагает детям назвать зимние месяцы на родном языке. Послушайте, как называются зимние месяцы на русском языке.<br>**Билингвальный компонент**: *желтоқсан – декабрь, қаңтар – январь, ақпан – февраль.*<br>**Физминутка «Зимой»**<br>*Мы зимой в снежки играем, мы играем.*<br>*По сугробам мы шагаем, мы шагаем.*<br>*И на лыжах мы бежим, мы бежим.* | магнитофон, радио, электронды сағат т.б.<br>– Балалар, бұл заттарды адамдар не үшін ойлап тапты?<br>– Қол еңбегін жеңілдету үшін.<br>– Дұрыс айтасыңдар. Адамдар қол еңбегін жеңілдету үшін тұрмыстық техниканы ойлап тапты. Ғалымдар қазіргі заман талабына сай жаңа технологияларды ойлап табуда.<br>– Газ плитасы не үшін қажет?<br>– Ол болмаған жағдайда адамдар тамақты қалай пісіреді?<br>– Газ плитасы немен жанады?<br>– Қазанды немен қайнатады?<br>– Қайсысында тамақ пісірген жеңіл әрі тез?<br>– Балалар, көріп отырсыңдар, адамдар уақытын үнемдеу үшін, еңбекті жеңілдету үшін тұрмыстық техниканы ойлап тапты.<br>– Тұрмыстық техника қалай жұмыс істейді?<br>**Жұмбақ шешу**.<br>*Біздің үйде бір зат бар*<br>*Сақтайды онда тамақты.*<br>*Болсын мейлі күз бен жаз*<br>*Іші оның қатты аяз.*<br>**– Тоңазытқыш.**<br>*Шаң-тозаңды сүймейді.*<br>*Тазалап оны жүр дейді.*<br>**– Шаңсорғыш.**<br>*Бүкіл әлем ішіне сияр*<br>*Аты оның – ...*<br>**– Теледидар.** | балаларға жүрекше ұстатады,жүрекшені алған бала «Сыйластық дегеніміз- ......» өз ойын жалғастырып айтады да, келесі балаға«Сыйластық жүрекшесін»ұсынады.Әр бала өз түсінігін жүрекше арқылы айтып береді.<br>Күтілетін жауаптар:<br>Сыйластық дегеніміз – сәлем беру.<br>Сыйластық дегеніміз – жасы үлкенге құрмет көрсету.<br>Сыйластық дегеніміз- сенім арта білу.<br>**Шығармашылық жұмыс**<br>Балалар үйден алып келген фотосуреттерін қарап, «Сыйлаймын өз жақынымды» тақырыбында шығып сөйлейді. Суреттегі адам оған кім болатынын, олардың арасындағы сыйлы қарым-қатынастар туралы айтады. Мұғалім немесе балалар әңгімелеп тұрған балаға сұрақ қояды. Ол жауап береді.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Мұғалім оқушыларға дәптерде берілген тапсырма бойынша | ермексаздан саусағымыздың ұшымен шымшып үзіп аламыз да, домалақтап, жапсырамыз.<br>**Сергіту сәті.**<br>*Таң атады арайлап,*<br>*Оянады бар аймақ.*<br>*Оянады достарым,*<br>*Мен қаламын қарайлап.*<br>*Жуынамыз, таранып,*<br>*Айнаға да қаранып,*<br>*Назар салып сағатқа,*<br>*Отырамыз тамаққа.*<br>– Енді мұрнын жасаймыз. Мұрнын жасау үшін қызыл ермексазды алақанымызға салып, сүйірлеп есеміз.Аққаланың мұрны неге ұқсаушы еді?<br>– Енді аққаланың басына шелек, қолына сыпыртқы ұстатуымыз қажет.Ол үшін бірінші шелегін жасайық.<br>– Шелегін қандай түстен жасауға болады?<br>– Жарайды, қызыл түстен жасайық.<br>–Қызыл түсті ермексаздан ширатып үзіп аламыз да, алақанымызға салып домалақтаймыз, бас бармақтың көмегімен ішін үңгіп, тегістеп шелек жасаймыз.<br>3.**Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасайды. | алдады?<br>Мысық әтешті қалай құтқарды?<br>- Түлкінің жасағаны дұрыс па?<br>Сергіту сәті<br>- Мысық қалай жүреді? Қалай дыбыстайды?<br>- Әтеш қалай секіреді? Қалай шақырады?<br>- Түлкі қалай қуланады? Құйрығын қалай қозғалтады?<br>*Балалар ертегі желісі бойынша қимылмен жасайды.*<br>- Ертегіні қайталап есімізге түсірейік.<br>Ертегі сюжеті бойынша шығармашылықпен әңгімелету. Ертегіні 3-4 балаға қайталату.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>- Суретте қай ертегі бейнеленген?<br>- Сурет бойынша ертегі мазмұнын, оқиға жүйесін сақтап баянда.<br>- Ертегіде қандай кейіпкерлер кездеседі?<br>- Жұбыңмен бірге кейіпкерлер диалогін ойнап көрсетіңдер.<br>**Есіңе сақта:**<br>*«Дос болсаң, берік бол,*<br>*Досыңа серік бол».*<br>3. Қорытынды бөлім. |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **2.Музыка**<br>**3.Русский язык**<br>**Тема:** «Зимние зарисовки»<br>**Цель:** обучение умению рассказывать о признаках времени года зима.<br>**ХОД ОУД**<br>**1.Организационный момент**<br>**Круг радости «Улыбка»**<br>*Мы идем с тобой по кругу*<br>*Улыбаемся друг другу*<br>*Повстречаться мы хотим*<br>*Поздороваться спешим*<br>*Снова встретились с тобой,*<br>*Топнем весело ногой,*<br>*Покачаем головой,*<br>*И помашем всем рукой.*<br>**2.Основная часть**<br>Педагог предлагает проговорить чистоговорки, напоминает, что проговаривать надо медленно, четко проговаривая каждый звук.<br>**Фонетическая зарядка**<br>*МА – МА – МА – снежная зима*<br>*РА – РА – РА – снежная гора*<br>*ДА – ДА – ДА – зимою холода*<br>*ГУ – ГУ – ГУ – елочки в снегу.*<br>**И/Р/У «Вспоминай и называй»:** Дети встают в круг. Педагог бросает мяч, называет слова на родном языке по теме прошлого | техниканың шығу тарихымен, адам үшін қажеттілігімен танысу;қарапайым тұрмыстық техниканың қалай қолданылатыны туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>Педагог балаларды ортаға жинайды. «Шаңсорғыш» ойыны. Жүргізуші сайланады. Ол –«шаңсорғыш». Қалған балалар – «шаң». «Шаң» айналып, ақырын жерге «қонады» (отырады). «Шаңсорғыш» іске қосылады. «Шаңсорғыш» «шаңдарды» жинай бастайды, оның қолы кімге тиеді, сол бала орнынан тұрып кетеді.<br>2. **Негізгі кезең:**<br>– Үйдегі заттарды атаңдар. Сендердің бөлмелерінде қандай қажетті бұйымдар, заттар бар? Балалар үйлеріндегі жиһаздар мен бұйымдарды атайды.<br>– Балалар, біз бұл заттарды қалай топтастырар едік? Балалар әр затты атап, олардың жалпы атауын табады: электр бұйымдары, тұрмыстық техника.<br>– Тұрмыстық техникаға не жатады?<br>– Тоңазытқыш, кіржуатын мәшине, газ плитасы, компьютер, үтік, теледидар, | арқылы көрсетеді.<br>**2.Музыка**<br>**3.ӨӨТ**<br>**Тақырыбы:**Бәрін жақсы көремін<br>**Мақсаты:**дос, туыс, жақын адамдар арасындағы өзара сыйластық туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Тыныштық сәті**<br>*Жаймен көзіңді жұмып мені тыңдаңыздар. Тамаша таңертеңгі ашық күнді елестетіңіз. Сіз тыныш та ерекше көлдің жағасындасыз. Тек қана сіздің тыныс алғаныңызбен судың сылдыры ғана естіледі. Күн жарқырап нұрын төккен сайын сіз өзіңізді жақсы сезінесіз. Сіз жақсы дем алудасыз. Енді жайлап көзімізді ашамыз. Біз тыныған, көңіл-күйіміз жақсарады, сергекпіз жағымды сезімдер күні бойы бізбен бірге болады.*<br>2. **Негізгі кезең:**<br>**Ойын «Сыйластық дегеніміз не?»**<br>Мұғалім «Сыйластық дегеніміз не?» деген сұрақты қоя отырып, | **2.Негізгі кезең.**<br>Педагог дәптердегі сюжетті суретпен жұмыс жүргізіп, балаға ат қойғызады.<br>– Бүгін Асан сияқты аққала жасап үйренейік. Ол үшін бізге ермексаз, тақтайша, қалып қажет.<br>– Аққаланы қандай түспен жасаймыз?<br>– Ермексазды ширатып үш бөлікке бөлеміз де, бірінші ең үлкен бөлігін алақанымызбен домалақтаймыз.<br>– Бұл –көлемі үлкен домалақ бөлік. Енді бұдан сәл кіші домалақ жасауымыз керек, ол үшін ермексаздың екінші орташа бөлігін алақанымызға салып домалақтаймыз.<br>– Енді ең кіші домалақ жасауымыз керек,ол үшін ермексаздың үшінші, соңғы кіші бөлігін алақанымызға салып домалақтаймыз.<br>– Дайын домалақтарды көлеміне қарай бірінің үстіне бірін ойық жасап, басу әдісі арқылы орналастырамыз.<br>– Балалар, қарандаршы, аққалада не жетпей тұр?<br>– Қарандаршы, біз неше домалақ жасадық?<br>– Аққаланың көзін қандай түсті ермексаздан жасаймыз?<br>Ендеше қара түсті | 2. **Негізгі кезең**<br>Педагог балаларға жұмба жасырады:<br>*«Бұрап қойған сағаттай, Айғайлайды таң атпай».*<br>**(Әтеш)**<br>- Қандай жан-жануарлар туралы ертегі білесіңдер?<br>- Бүгін біз «Мысық, әтеш және түлкі» деген ертегімен танысамыз.<br>- Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Ертегіні мәнерлеп оқып береді. Мазмұнын түсіндіреді.<br>**Сөздік жұмыс:**<br>Әтеш – үй құсы, жем, тарыны тұмсығымен шоқып жейді. «Ку-ка-ре-ку!» деп шақырады.<br>Мысық – үй хайуанаты. Ол мияулайды.<br>Шап беріп – тез ұстап алу<br>Тәкаппар – менсінбей, кеудесін көтерудіайтамыз<br>**Сұрақ-жауап**<br>- Ертегі қалай аталады? Ертегі ұнады ма?<br>- Ертегіде не туралы айтылған?<br>- Қай кейіпкер саған ұнады?<br>- Орманда мысықпен бірг не өмір сүрді?<br>- Мысық қайда кетеді?<br>- Әтешті түлкі қалай |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **3.Рефлексия**<br>Педагог подводит итог, поощряет детей. Просит рассказать, что особенно понравилось на занятии.<br>Дети делятся впечатлениями.<br>**<u>4.Дене шынықтыру</u>**<br>**Тақырыбы:**«Асықпен ойналатын ойындар»<br>**Мақсаты:**Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету. Гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Ойын-жаттығуы: «Затты тап».** Қоржын ішінен асықты іздеп табады. Оны көреді. Асық туралы білетіндерін айтады. Асық және асық ойыны жайлы түсіндіреді.<br>**2.Негізгі кезең**<br>**І.Шеңберге тұрғызу.**<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық алу».**<br>Шашырап жүреді, жүгіреді, педагогтің: «Асықты ал!» деген бұйрығымен асықты көтеріп алады.<br>**ІІ.ЖДЖ орындау**<br>**Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау:** | Бірінші топ үй жиһаздарын атайды.<br>Екінші топ тұрмыстық техника заттарын атайды. Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз атанады.<br>**Сергіту сәті:**<br>*Орнымыздан тұрамыз,*<br>*Мойнымызды бұрамыз.*<br>*Қолымызды көтеріп,*<br>*Саусақты ашып-жұмамыз.*<br>*Одан соң төмен түсіріп,*<br>*Алақанды соғамыз.*<br>*Иықты артқа ысырып,*<br>*Басты төмен саламыз.*<br>*Жаттығу жасап осылай,*<br>*Үлкен боп ертең шығамыз!*<br>**Өлеңнің мазмұнына сәйкес қимылдар жасайды.**<br>**Дәптермен жұмыс..**<br>**3. Рефлексия.«Көбелектер мен гүлдер» ойыны.**<br>Алаңқайда қызыл, сары, ақ гүлдер өсіп тұр. Балалар «көбелектерге» айналып, қызыл гүлге «көп білетін» көбелектер қонады, сары гүлге «қызықты болды» деген көбелектер, ақ гүлге «қызықты болды, бірақ түсінбедім» деген «көбелектер» қонады.<br>**<u>3.Сурет.</u>**<br>**Тақырыбы:**Мерекелік отшашу.<br>**Мақсаты:**балаларға салтанатты шерулердің мәнін түсіндіру, мерекелер туралы білімдерін одан әрі жетілдіру, көркемдік | ұшыруға үйрету.Жұпта қасына қарай аттау арқылы қозғала отырып заттарды орнынан басқа жерге апаруға, қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруге, түсетін күшті мөлшерлеп бөлуге жаттықтыру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі**<br>*Денсаулықты сүйеміз,*<br>*Шынығамыз күнде біз.*<br>*Бір-екі-үш!*<br>*Бір-екі-үш!*<br>*Бұлшық етте, міне, күш!»*<br>**2.Негізгі кезең**<br>І. Бір қолынан екінші қолына ауыстыру, айналдыру, ұстап тұрып қолын сермеу, имек ағашты өзін айналдырып қозғалту, екі қолмен ұстап айналдыру.<br>**«Түсіріп алма!». (3 рет)**<br>Жұпта сүйем қадамдар аттап, алаңның бір жағынан екінші жағына заттарды жеткізу ұсынылады.<br>*Көз ауруларының алдын алу,көз бұлшық еттерін белсендендіріп, жақсарту жаттығулары.*<br>**Болам десең көреген,** | лақтырғанда оң қол төмен түсіріліп, төмен, артқа жіберіледі. Асықты қолды алдыға созып, сонан соң жоғары көтеріп лақтырады.<br>**«Ырғып секіру» (Татар халқының ойыны) (3 рет)**<br>Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Ырғып секір!» дегенде, ойыншылар жылдам бір аяқтарымен секіріп, орындарын ауыстырады. Жүргізуші де бір аяғымен секіріп, олардың біреуінің орнына тұрып алуға тырысады.<br>**ІІІ.Қимылы аз ойын: «Үндемес» ойыны (Тәжік халқының ойыны)**<br>Ойыншылар шеңбер бойында отырады. Жүргізуші өзінің оң немесе сол жағында отырған балаға бір қимыл түрін көрсетеді. Ол өзінен екінші жағында тұрған балаға көрсетеді. Ойын шарты: көршісін сөйлету немесе күлдіру. Күлмеген немесе сөйлемеген бала жеңімпаз атанады.<br>3.**Қорытынды кезең (рефлексия).** Қазақта «Отаны бірдің тілегі бір, жүрегі бір» деген жақсы сөз | –Балалар, жеңіл көліктер не үші керек?<br>–Автобус, троллейбус, трамвай, не үшін керек?<br>–Жедел жәрдем көлігі не үшін керек?<br>–Өрт сөндіру көлігі не үшін керек?<br>–Пойыздар мен ұшақтар не үшін керек?<br>–Жарайсыңдар, сендер көліктертуралы көп білед екенсіңдер.<br>–Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырайын.<br>*Бір көзім «кідір» дейді,*<br>*Бір көзім «жүгір» дейді.*<br>*Бір көзім «абайла» дейді,*<br>*«Қарап ал маңайға» дейді*<br>**(Бағдаршам)**<br>–Ол не?<br>–Бағдаршам қандай қызмет атқарады?<br>–Бүгін біз көліктің бір түрі – автобусты жапсырамыз.<br>Автобустың негізгі бөлігін шығару үшін тіктөрбұрыштың жоғарғы екі бұрышын доғалдап қиямыз.Қағазды екі бүктеу арқылы дөңгелек пішіндерді қию.<br>Автобустың терезелерін бүктеу әдісін қолдана отырып, бірден бірнеше төртбұрышты қию әдісін |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| *На коньках по льду летим, мы летим.*<br>*И снегурку лепим мы, лепим мы, лепим мы.*<br>*Гостью-зиму любим мы, любим мы.*<br>**Работа в азбуке-тетради**<br>**Задание №1**<br>–Составь рассказ о зиме, используя мнемотаблицу.<br>Назови зимние месяцы.<br>Педагог вместе с детьми обсуждают, что обозначают знаки.<br>Дети рассматривают схему, запоминают обозначение знаков. Составляют рассказ по схеме с помощью педагога: *Наступила зима. Зимой идет снег. Зимой погода бывает холодная, морозная. Люди одеваются тепло. Зимой дети катаются на санках, лыжах, играют в снежки, лепят снеговика. Хорошо зимой*!<br>Называют зимние месяцы.<br>Заслушивают рассказы 3–4 детей.<br>**Задание №2**<br>– Объясни смысл пословицы: Береги нос в большой мороз.<br>Дети слушают пословицу, вместе с педагогом объясняют смысл, проговаривают и запоминают пословицу. | Педагогтің әңгімесі:Тұрмыстық техникалардың шығу тарихы бар. Бүгінгі күні адамзаттың техникаға арқа сүйегені сондай, онсыз өмір сүруді ұмытып қалғандай. Сыпырғыш орнын ауыстырған шаң сорғыш үй тазалауды жеңілдетсе, кір жуатын, ыдыс жуатын мәшинелер адамдардың уақытын үнемдейді. Мұздатқыш, үтік, қысқа толқынды пештің де көмегі аз емес, сондықтан да олар әркімнің-ақ үйінде кездеседі.<br>– Сендер үйлеріңде тұрмыстық техника қолданасыңдар ма?<br>*Балалардың әңгімесін тыңдау.*<br>Педагогтің әңгімесі:<br>– Айжанның анасы демалыс күні үйдің ішін жинастырмақшы болды. Айжан анасына көмектесіп жүрді. Анасы оған кішкене ыдысқа су құйып берді, қолына шүберек ұстатты.<br>*Айжан ... (Балаларға Айжанның одан арғы іс-әрекетін өздері айтуды ұсынады).*<br>Анасы шаңсорғышты алып шықты. Айжан шаңсорғышты өзі іске қоспақшы болды. Оған анасы рұқсат етпеді. Ол қызына былай деді: ...<br>**«Көп ойла, сөз ойла» ойыны.**<br>Балалар екі топқа бөлінеді. | ребустың шешуін тауып, бос торкөздерді толтыруды ұсынады. Ол үшін мұғалім тақтадағы суреттер мен жазылған сөздерді қолданады.<br>**.Қорытынды кезең (рефлексия).**<br>4.**Д Тыныштық сәті**<br>Жәймен көзіңді жұмып мені тыңдаңыздар.<br>Тамаша таңертеңгі ашық күнді елестетіңіз. Сіз тынық та ерекше көлдің жағасындасыз. Тек қана сіздің тыныс алғаныңызбен судың сылдыры ғана естіледі. Күн жарқырап нұрын төккен сайын сіз өзіңізді жақсы сезінесіз. Сіз жақсы дем алудасыз. Енді жайлап көзімізді ашамыз. Біз тынығып, көңіл-күйіміз жақсарады, сергекпіз жағымды сезімдер күні бойы бізбен бірге болады.ене шынықтыру<br>**Тақырыбы:** «Хоккей ойнаймыз!»<br>**Мақсаты**:Қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуге, шайбаны ілгері бағытта | Балалармен жұмысты талдайды.<br>**3.Дене шын**<br>**Тақырыбы:** «Керуен»<br>**Мақсаты**:3 м арақашықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды лақтыруға үйрету. Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіре білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, табанның алдыңғы жағымен таянып итерілулерін бекіту.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі**<br>Керуен және керуен аялдамалары туралы әңгіме жүргізеді.<br>**2.Негізгі кезең**<br>**I.Шеңберге тұрады.**<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық алу».**<br>Шашырап жүреді, жүгіреді, педагогтің бұйрығымен жерден асықтарды алады.<br>**II.Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды.**«Асық лақтыру» – дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға асықтарды лақтыру (арақашықтығы – 3 метр)<br>Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінен сәл ашық қойылады, оң аяқты арт жаққа жіберу, оң қол шынтақтан бүгіліп, кеуде тұсында. Асықты | **Рефлексия**<br>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.<br>- Сабақта сендерге не ұнады? Несімен ұнады?<br>**3.Аппликация**<br>**Тақырыбы:** Көлік.<br>**Мақсаты**:симметриялық бүктеу арқылы бірдей екі пішінді қиюға, салыстырмал орналастыр білуге үйрету<br>**ҰОҚ-нің барысы**<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Н.Айтовтың** «Жолың болсын» өлеңіне шаттық шеңберін құру.<br>*Атам шықса сапарға,*<br>*–Жолың болсын! – дейді апам. Апам шықса сапарға,*<br>*–Жолың болсын! – дейді атам.*<br>*–Жолың болсын! – дейді олар. Үлкенге де кішіге.*<br>*–Жолың болсын! – дейді олар, Ұшырасқан кісіге.*<br>*Осы сөзде байқадым,*<br>*Қуат барын, күш барын.*<br>*–Жолың болсын! – айтам мен, Алыс жолға шықса кім.*<br>**2.Негізгі кезең**<br>Педагог Балаларға көлікк байланысты бірнеше сұрақ қояды. |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Қазан» – 2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды (асықтарды) лақтыру. Б.қ.: аяқты иық деңгейінен алшақ қою: оң аяқты артқа жіберіп, оң қолды шынтақтан жартылай бүгіп, кеуде тұсында ұстап тұру. Асықты лақтырар алдында алдымен қолды төмен түсіріп, сонан соң артқа жібереді, ал лақтыру кезінде қолды алдыға жіберіп, жоғары көтеріп, сонан соң асықты лақтырады. Құрсауларды (4 құрсау) айнала шеңберге тұрады. «Қазан» ішіне көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады.<br>**Тепе-теңдік – гимнастикалық орындық үстінде тапсырмаларды орындап жүру. (3 рет)**<br>Гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру. Орындықтан түскен кезде алдымен аяқтың ұшымен түсіп, сонан соң толық табанды жерге қояды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Үшінші артық» (3 рет)**<br>Бір-бірінің желкелерінен қарап, екі-екіден үлкен шеңбер құрып тұрады.<br>Жұптардың арақашықтығы – | талғамдарын дамыту.<br>**ҰОҚ-нің барысы**<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі.**<br>–Отан дегеніміз не?!<br>Б. Ысқақовтың «Отан» өлеңі оқылады.<br>**Отан**<br>*Көп аузынан түспейтін*<br>*Отан деген немене?*<br>*Оның тұлға,түс кейпін,*<br>*Достым,білгің келе ме?*<br>*Отан-сенің ата-анаң,*<br>*Отан –досың,бауырың.*<br>*Отан-өлкең,астанаң,*<br>*Отан-аудан,ауылың.*<br>**2.Негізгі кезең**.<br>– Балалар, біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы. Мынау – Мемлекеттік Елтаңбамыз. (Елтаңба суретін көрсетеді). Ондағы басты белгілер қандай? Олар нені байқатады? (Елтаңба туралы мәліметтерді түйіндеп айтады). Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған күні – 16 желтоқсан. Қазақстандықтар бұл мерекені асыға күтеді, тойлайды.<br>Бүгін біз осы мерекеде жасалатын отшашу суретін саламыз. Ол үшін үлгі суретті қарандар.<br>Педагог отшашуды салу жолдарын көрсетеді. Марш екпініндегі патриоттық музыка қойылады. | **Көзді айналдыр, ерінбе!**<br>*2-3 секунд көздерін айналдырып қимылдатады.*<br>**Болам десең көреген,**<br>**Уқалап қой көзді де!**<br>*Көздерін жұмбай көз үсті мен астын абайлап бір минут уқалау.*<br>**Болам десең көреген,**<br>**Көзіңді аздап басып көр!**<br>*Әр қолдарының үш саусағымен көздерінің үстін ақырындап 1-2 секунд басып тұру.*<br>**Үлкен шеңбер саламыз,**<br>**Төңіректі қарап аламыз!**<br>*Көздерімен және тілін шығарып, бір мезетте жан- жаққа айналдырып, қимылдар жасау.*<br>**Көзді оңға бұрамыз,**<br>**Көзді солға бұрамыз.**<br>**Жоғары-төмен қозғалтып,**<br>**Қайталап қайта бұрамыз!**<br>*Көздерін жоғары көтеру, көздерін төмен түсіру, оңға қарап бұру, солға қарап бұру.*<br>**Жыпылықтат көзіңді,**<br>**Дамылдасын көз енді!**<br>*1 минут тез-тез оңға,* | бар. Жүзі басқа болса да, жүрегі бір, тілі басқа болса да, тілегі бір, атасы басқа болса да, Отаны бір қаншама ұлттар мен ұлыстарды біріктіріп отырған Қазақстан атты елміз.<br>*Енді бүгін қарасам,*<br>*Айналам бақыт, кең жатыр.*<br>*Бірімен-бірі туысқан,*<br>*Қол ұстасқан ел жатыр.*<br>*Қырғыз, қазақ, өзбектер,*<br>*Моңғол, ұйғыр, дүнгендер,*<br>*Армян, қазақ, грузин,*<br>*Орыс пенен украин*<br>*Терезесі тең жатыр.*<br>*Бақыттың әні асқақтап,*<br>*Құлаққа даусы кеп жатыр.*<br>**4. Логика**<br>**Тақырыбы:**Қалампыр<br>**Мақсаты:** Қағазбен әртүрлі жұмыс дағдыларын жетілдіру. | көрсетеді. Шеткі екі терезенің жоғарғы бұрыштарын доғалдап қияды.Педагог жұмыс барысында жекелеген балаларға көмектеседі.<br>**Сергіту сәті.**<br>*Бала, бала, балақан,*<br>*Кәне, қайсы алақан?*<br>*Саусақтарың әйбәт,*<br>*Былай-былай ойнат.*<br>*Топ-топ басайық,*<br>*Жалаудан күн жасайық.*<br>*Жаса-жаса, алтын күн,*<br>*Жаса-жаса, жарқын күн.*<br>Дайын үлгілерді 42-беттегі үлгіге кеңістікті дұрыс пайдалана отырып, (алдына, ортасына қатарлап,төменгі жағына) желімді ұқыпты жағып жапсырамыз.<br>3.**Рефлексия.**<br>Педагог оқу қызметін қортындылап, балаларды мадақтайды. Балалармен жұмысты талдайды.<br>**4. Вариатив Өнерлі екен он саусақ**<br>**Тақырыбы**: Кішкентай тапқырлар<br>**Мақсаты:** Ойлау, көріп тану, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Белсенділікке шапшаңдыққа,кеңестікті бағдарлай білуге үйрету. |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2-3 адым.«Артық» ойыншы қашады, жүргізуші оны қуады. «Артық» бала кез келген жұптың алдына тұра қалады, енді қатарда үшінші болып тұрған бала қашады. Жүргізушіге ұстатпауға тырысады.<br>**ІІІ.Релаксация: «Дала әуендері».**<br>Малдас құрып отырып, музыка тыңдайды.<br>**3.Қорытынды кезең (рефлексия).** | – Алдымен сопақша немесе дөңгелек пішінді әртүрлі мерекелік шарларды салып аламыз, олардың төменгі жақтарына трапеция пішінді жіп байлайтын бөлігін және жіптерін саламыз. Екі-үш немесе одан да көп етіп мерекелік шарлар салуларына болады, олардың қасына мерекелік отшашулар саламыз. Ол үшін қылқаламмен сүйкей жаға отырып, төменнен жоғары қарай сызықтар жүргізіп, жан-жаққа шашыратамыз, бұл сызықтар тек бір нүктеден ғана басталады<br>**Сергіту сәті.**<br>«Отшашау» балалар орындарынан тұрып, қолдарын жоғары көтеріп отшашуды бейнелейді,қолдарын жоғары көтеріп, саусақтарын шашыратып отшашуды бейнелейді, жерге шашылып түсіп жатқанын еңкейіп көрсетеді т.б. қимылдар жасайды.Балалар жұмыстарын жалғастырады. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>**3. Рефлексия**<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі қорытындыланады. Педагог балаларды мадақтайды. Балалар жұмыстарына қарап, баға береді. Ата-аналарға көрме | *сосын солға қарап жыпылықтату.*<br>**Ашық болсын көздерің,<br>Тамашалап көр бірін!**<br>*Көздерін 30 секундтан бақырайтып ашып, қайта жұмып қайталау.*<br>**Үшбұрыштар саламыз,<br>Текше, шеңбер саламыз,<br>Көзбен сала аламыз!**<br>*Көздерімен геом фигураларды әуеде, қиялында салу (шеңбер, шаршы, үшбұрыш), алдымен сағат тілімен жүргізіп, сосын сағат тіліне қарсы жүргізіп салу.*<br>**3.Қорытынды кезең (рефлексия).** Педагог ҰОҚ-ны қорытындылап, балаларды мақтайды. | | |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ұйымдастырылады.<br>**4.Вариатив Ертегілер әлемінде**<br>**Тақырыбы:**Көз көруге тоймайды,құлақ естуге жалықпайды<br>**Мақсаты:** Кейіпкерлердің рөлін атқара білуге дағдыландыру,ертегіні сахналау | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. |
| **Серуен** | **Бақылау:Торғайларды бақылау.Мақсаты**:Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру; құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Нысанаға тигіз».**Мақсаты:** ұшып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың орындалуын есептей білу. | **Бақылау: Қардың түсуін бақылау**<br>**Мақсаты:** Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру; Қардың түсуі туралы білімдерін молайту.<br>**Қимылды ойын:**«Ыстық-суық».<br>**Мақсаты:** тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету | **Бақылау: Боранды күнді бақылау**<br>**Мақсаты:** желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру.<br>**Қимылды ойын «Ұшты-ұшты».**<br>**Мақсаты:**аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу | **Бақылау: Боранды күнді бақылау**<br>**Мақсаты:** желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру.<br>**Қимылды ойын «Ұшты-ұшты».**<br>**Мақсаты:**аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу | **Бақылау. Бақылау «Қардағы құс іздері»**<br>**Мақсаты:**қардағы құс іздерін тани білуге үйрету<br>**Қимылды ойын«Ізбе із».**<br>**Мақсаты:** тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу.. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата- аналарға балалары туралы жеке гигенасы туралы ескерту. | Киім салатын шкафтарын жинау. Үйге қайту. | Серуенге шығу. Үйге оралу, үйлеріне сұрану. | Киім салатын шкафтарын жинау. Үйге қайту | Еркін ойындар. Ата – аналары на табыстау. |

Scanned with ACE Scanner